Kahraman anlatıcının olduğu ve ilk defa bir aile hayatı içinde evin küçük kızı tarafından beslemenin anlatıldığı hikâye Havva’dır, monolog tarzında kurgulanmıştır. Anlatıcının geçmişe yönelik aktarımları dışında kahramanların diyaloglarına bindirilmiş kurguda, hiçbir olumlu özelliği olmayan beslemenin acıklı ölümü anlatılır.

Kendisiyle onu karşılaştıran ve kıskanan Küçük Hanım, beslemenin muhbirliği yüzünden aldığı cezalar ve annesinden yediği dayaklar nedeniyle ona kinlidir. Hatta bir gün çok kızıp ölmesini ister. Hikâyenin sonunda Havva’nın ölümüne annesiyle ağlamakta, bu sefer Allah’a onu öldürmemesi için dua etmektedir. Küçük kızın psikolojisi ve bakışı ile çizilen Havva; oburluğu ve rahatlığıyla, yavaşlığı ve aptallığıyla öne çıkmaktadır. Havva’nın bu özelliklerine ait aktarılan küçük durumlar; Havva’yı yavan, düz bir anlatımdan çıkarıp küçük hikâyenin içine yerleştirilen katmanlardan onu tanımak fırsatı sunduğu için dikkat çekici, orijinal ve canlı bir atmosfere kavuşmuştur. Küçük Hanım adeta Havva tasviri yapmıyor da Havva’nın vukuat dosyası her bir cümlede kendiliğinden arz-ı endam ediyordur. Bu tavır hikâyeyi gerçeğe yaklaştırdığı gibi anlatıcının doğal, doğrudan anlatımı bu kurguyu etkili ve farklı kılmıştır: “Görür gününü o. Lekeli entarimi sakladığım yerden çıkarıp anneme göstermesini biliyor ama. Ne yapayım. Dut lekesi işte. Çıkmadı. O kadar uğraştım, İnşallah başına bir bela gelir de kurtuluruz. Allahım onu öldür” [16, s. 16].

Acamı adlı hikâyede ise yine yol üstünde tanışılmış, gelir ve eğitim düzeyi düşük biriyle yaşanan bir akşam işlenmektedir. Bu hikâyede de Selahattin ötekiler tarafından “kırdı kaçtı takımı” olarak değerlendirilen, kendi gibi sıradan insanlarla sohbet eden yazarı başka bir yere koyar. Burada da benlik algısı dışardan kaynaklı ve yarımıdır.

“ –Öyle deme. Bizim gibilerle oturup konuşmak, yemek yemek ne demek?.

“Anlıyacağın o katip, katip her hal, seni de bizim gibi kırdı kaçtı takımından sandı biliyor musun!.”

“Beş altı gün önce tanıdım. Bu odayı o buldu. Sıkılırsam Bomontiye gidermişim. Saz, söz, eğlence. (...) Elektrikçi dükkanına giderken

çarpıştığımız için “Sersem!” deyişim aklıma geldi. İtilip kakılmaktan usanmıştım zira” [17, s. 20].

Bilinen hikâye formunda dağlı bir insan ilk defa şehre gelmiş edasıyla verilen büyük şehir tasviriyle başlar hikâye. Kahramanımız Zeki Bey, İstanbul’a tayini çıkmış bir öğretmendir, yalnızdır. Yolda tanıdığı birkaç saatlik arkadaşı Selahattin; inşaatta çalışmış, kahvede çalışmış, şoförlük yapmış, babası kaçakçı bir garibandır. Dış görünüşü tasvir edilmiştir: “Avurtları çökük, ayakkabıları patlak. (...) Ayağında buruşuk, koyu renk iş pantolonu. Asker kaputundan bozma paltosunun düğmeleri sallanıyor. Sırtına ceket yerine örgüsü sökükle yeşil bir kazak geçirmiş” [16, s. 16]. Hikâye, Selahattin’in Zeki Bey’e kiraladığı evde soba kurması ve ikisinin birlikte geçirdikleri o akşamı, geceyi anlatmaktadır.

III. Sonuç

Vüs’at O. Bener’in hikâyelerinde kahramanlar genellikle olumsuz, ezik, karamsar ve vasat tipler olarak belirirken fiziksel olarak pek canlı çizilmezler. Hikâyelerindeki kişilerin çoğu sosyal ve ekonomik şartlardan dolayı hep bir sıkıntı içindedir. Danimarkalı filozof Soren Kierkegaard’ın tüm kötülüklerin kaynağı olarak isimlendirdiği sıkıntı, insanın psikolojik bütünlüğünü olumsuz etkileyen, yarattığı anlam kaybı ile kaygı verici bir olgudur. Kahramanlar hem hayatı hem de kendilerini anlamlandıramadıkları ilişkilere bağlı olarak “benlik algısı” arayışında olduklarının farkında değillerdir. Başkahraman ve diğerleri arasında hep bir güvensizlik vardır; “Kömür”de insanlığın kalmaması, hırsızlık, kavga dövüş ve hamallar ele alınmıştır. Memur ve erkek olan başkahramanların geneli sıradan insanlarla kurduğu ilişkilerde kısa süreli tanışıklıklarda değerlendirilirler. Çoğu zaman hikâyede bir iki kahraman olmasına rağmen öyle sıradan seçilirler ki bu kahramanların isimleri belli değildir. Ya ihtiyar ya çocuk olarak hikâyede vardılar, yaşları belirtilmez, onların ruhsal özellikleri doğrudan verilmez, sadece fiziksel özelliklerinden bahsedilir. Kahramanlar, içinde bulunduğu ruh durumlarını ve iç çatışmalarını gözler önüne seren günlük olay ve durumlarla karşılaştırılır. Anlatıcının kahramanlardan biri oluşu ve iç muhasebeleri ve bir iki hikâyede geçen bilinç akışı tekniği kesit hikâyelerinin gerçekliğini perçinler nitelikte ele alınmıştır.

Hikâyelerde kurguların ağırlık noktasını oluşturacak sağlam bir olay yoktur. Sağlam insan ilişkileri ve aile hayatı da yoktur. Diyalogdan daha çok monolog tarzındaki bu aktarmalarla hikâye ilerler. Hikâyeler birden başlar ve hikâyelerin sonuçları net değildir, başladığı gibi biter. Bu hikâyelerde kişilerden çok mekânlar anlatılır ve tiyatroya yakın bir biçimde

N. 3.Karakaya. Vüs'at O. Bener'in Varlık Dergisindeki Hikâyelerinde

kahramanların hareketleri, mimikleri ve tavırları anlatıcının bakış açısına uygun olarak öne çıkar. Bu hareketler ile diyalogların ya da iç konuşmaların(monologların) yeniliği eşit bir biçimde yer tutar.

Hikâyelerinin geneline sinen karamsar hava ve o dönemin diğer hikâyeleriyle de örtüşen toplumun alt kademesine ait olumsuz hayat şartları kahramanların başını kaldırmalarına, umut etmelerine, mutluluktan gülmelerine en başından engel olur. Hareketlerin ve iç çatışmaların, özellikle yaşamak gâilesinin altında ezilen bu kişilerin zaten bu tür kaygı ve beklentileri de yoktur. Aynı hikâyelerin kahramanlarıyla 1950'ler dışında karşılaştık farklı kişiliklere bürünebilirler.

Anlatıcının sadece tek taraftan aydınlatılan bir sahnede gördüklerini yazarmışçasına bir tavrı vardır bu kişiler üzerinde ve bu etkide başlayan hikâye aynı etkiyle devam eder -hatta biraz uzasa atmosfer değişecekmiş gibi kısa geçilerek- an içinde uzayan monologlarla biter. Okuyucuyu çok da meraka götürmeyen bu hikâyelerin en etkili yanı, dergide bu hikâyenin sonunu aramak olur. Tüm bu özellikler Çehov tarzı hikâyenin getirdiği yeniliklerdendir. Bener'in hikâyelerindeki bu özellikler, Varlık dergisinde İrene Nemirovsky'in ele aldığı Çehov tarzı kesit hikâyesinin özellikleriyle örtüşmektedir.

Kendini gerçekleştirme kavramıyla da ifade edilebilecek "benlik algısı" yazarı yazmaya iten ivmelerden biridir. Hikâyelerde karakterler benliklerini neredeyse tamamen dışardan nasıl algılandıkları üzerine inşa etmişlerdir. Bu sebeple kahramanlar enerjilerini, kendi hayatlarındaki gerçek problemleri çözmeye ya da kendilerini gerçekleştirmeye değil dışarıdan görünüşlerini düzenlemeye harcarlar. Bu durum onları temelde daha büyük bir yalnızlığa ve anlamsızlığa iter. Okuma sürecinde okuyucuya sürekli eşlik eden iç sıkıntısı da kanaatimizce bu anlamsızlık ve yalnızlık sonucunda kahramanın yaşadığı duygunun yansımasıdır. Bener, bu durumu uzun uzun tasvir etmek yerine karakterlerin mimikleri, beden dilleri ve konuşmalarıyla aktarır.

Konuşma sürecinde sadece cümlelerin anlamı değil; devrik, yarım cümleler ve anlam kopuklukları da kahramanın benlik algısındaki çarpıklığı ortaya koyan unsurlar arasındadır. Bu bağlamda düşünüldüğünde Bener, bir ölçüde, bütün enerjisini kendisine bir hayat kurgulamaya adanmış ve yaşadıklarını belgelemekten çok algılanmasını istediği tarzda düzenlenmiş, kendisine ikinci bir yaşam ve aslında bir benlik inşa etmeye çalışan insanın ilkel bir şeklini öykülerine taşımıştır.

Bu hikâyelerde yaşayan insanların "-mış gibi" görünme çabası daha önce söylendiği gibi onları derin bir yalnızlık ve anlamsızlığa itmiştir.

Günümüz insanının da renkli vitrininden sıyrılınca bomboş kalmasının temel sebeplerinden biri kanaatimizce budur. Çağın ifade araçları değişse de insanın temel ihtiyaçları edebiyatta bazen satır aralarında bazen kahramanların konuşmalarında, iç konuşmalarında tam da Bener'in kurgularındaki gibi kahramana kendini yansıtan, diyalog içinde bulunduğu kişinin cümlelerinde gizlenir.

Varlık dergisinin Türk hikâyeciliğine olan katkısı tartışılmazdır. Bunun yanında olay hikâyesinden durum ve kesit hikâyeciliğine, modern hikâyeciliğimize geçişte; kurguda mekân ve zamanı, olayı dışlayıp kahramanlar ve anlatıma yüklenmiş kesit hikâyeleri yazarak Bener Türk hikâyeciliğini Sait Faik'le başlayan, Memduh Şevket ve Sadri Ertem, Bekir Sıtkı ile devam eden geçişte son basamağa taşımıştır diyebiliriz.

Kaynakça

1. Koçer, G. ve Özcan, M. Varlık Dergisi'ndeki Edebi Yarışmalar 1933-1991. Turkish Studies Language and Literature. Sayı: 14, 2019, s. 643-675.
2. Karabulut, Ö. Vüs'at O. Bener İle Söyleşi. (3) (PDF) Vüs'at O. Bener ile Söyleşi | Philoarte Library - Academia.edu (E. T. 05/01/2021)
3. Tutumlu, R. Vüs'at O. Bener'in Yapıtlarına Anlatıbilimsel Bir Yaklaşım. Bilkent Üniversitesi, Ekonomi ve Sosyal Bilimler Enstitüsü, Doktora Tezi, Ankara, 2007.
4. Özcan K., İmge Öyküler, Yıl 1, sayı 4, ağustos- eylül, 2005
5. Yılmaz, S. Vüs'at O. Bener'in "Dost" Öyküsü-İnceleme. (3) (PDF) Vüs'at O Bener'in "Dost" Öyküsü- İnceleme | Sibel Yılmaz - Academia.edu. (E. T. 05/01/2021)
6. Nemirovsky, I. Çehov ve Maupassant. Varlık, Sayı: 422, 1955, s. 13-14.
7. Solak, Ö. Vüs'at O. Bener'in Dost-Yaşamasız Adlı Kitabındaki Öykülerin Kurgusal Coğrafyası, Turkish Studies, Volume 6/4, 2011.
8. Kuzgun, Y. Ankara Üniversitesi E.B.F. Psikolojik Danışma ve Psikoloji Teorileri. Yayınlanmamış Ders Notları, Ankara, 1983.
9. Bayat, B. Bireylerin Benlik Algısı (Benlik Tasarımları) Sistemi ve Bu Sistemin Davranışları Üzerindeki Rolü, Kamu-İş, Cilt V11, Sayı: 2, 2003, s. 4.
10. Svendsen, Lars Fr. H. Sıkıntı'nın Felsefesi. 2. bs., Bağlam Yayınları, İstanbul, 2017.
11. Antakyali, B. Vüs'at O. Bener'in "Dost" ve "Dam" Öykülerinde Sıkıntı ve Huzursuzluk. Journal of Turkish Language and Literature, Cilt 4, 2018, s. 36-46.
12. Bener, V. O. "Leblebici", Varlık, Sayı: 421, 1955, s. 15.
13. Bener, V. O. "Monolog", Varlık, Sayı: 446, 1957, s. 16.
14. Bener, V. O. "Sal", Varlık, Sayı: 400, 1953, s. 14-16.
15. Bener, V. O. "Kömür", Varlık, Sayı: 378, 1952a, s. 17-18.
16. Bener, V. O. "Havva" Varlık, Sayı: 382, 1952b, s. 16.
17. Bener, V. O. "Acamı" Varlık, Sayı: 386, 1952c, s. 20-21.

N. 3.Karakaya. Vüs'at O. Bener'in Varlık Dergisindeki Hikâyelerinde

Аңдатпа

1933 жылдан бастап тұрақты түрде шығып келе жатқан «Варлык» журналында 1952–1957 жылдары қысқа әңгімелерін жариялаған жазушылардың бірі – Вусъат О. Бенер. Бенердің журнал бетінде алты әңгімесі жарияланған. Бұл әңгімелер сол кезеңнің басқа да реалист жазушылары секілді әлеуметтік мәселелерді қозғайды. Түрік әдебиетінде әңгіме жанрының заманауи үлгісінің жарқын мысалы бола алатын бұл әңгімелерден Чеховтың жазу стилінің барлық ерекшеліктерін көруге болады. Мұнымен қоса оның кейіпкерлерінің негізгі қасиеті өзін-өзі тани қоймағандығымен ерекшеленеді. Өздерін маргиналды деп санайтын бұл адамдардың өзін-өзі тануы басқа сыртқы дүниелер арқылы сипатталуымен шектеледі. Бағалануы басқа адамдардың мақұлдауына тәуелді болғандықтан, бұндағы психологиялық жағдай қазіргі адамдардың өзін-өзі бұқаралық ақпарат құралдарынан және виртуалды әлемнен іздеуімен сәйкес келуі де мүмкін. Тек белгілі бір эпизодтарда кемшіліксіз өмірді бар секілді көрсетуге тырысуы арқылы Бенердің кейіпкерлерінің басқалар тарапынан кемел немесе кемшіліксіз ретінде бағалануы қазірге дейін жалғасып келе жатқан олқылықтың көрінісі болып табылады.

Кілт сөздер: қысқа әңгіме, Чехов стилі, әлеуметтік мәселелер, кейіпкерлердің ерекшеліктері, өзін-өзі тану.

(Н. 3.Каракая. Вусъат О. Бенердің «Варлык» журналында жарияланған әңгімелеріндегі кейіпкерлердің өзін-өзі тануы)

Аннотация

Вюсат О. Бенер – один из писателей, писавших рассказы в период с 1952 по 1957 год в журнале «Варлык», который успешно издается с 1933 года по сегодняшний день. За этот период Бенер опубликовал шесть своих рассказов в журнале «Варлык». Эти рассказы представляют собой перекрестные истории, которые затрагивают те же социальные проблемы, что и другие социально-реалистические писатели того периода. Все черты чеховского стиля просматриваются в этих рассказах, которые являются примерами перехода к современному сюжету в нашей литературе. Помимо этих характеристик, главной особенностью героев является то, что они являются личностями с неполным «самовосприятием». У этих людей, считающих себя маргиналами, самовосприятие ограничивается внешне отраженными данными. Эта психологическая ситуация, в которой оценка зависит от одобрения и других личностей, может быть сопоставлена с сегодняшним человеческим поиском себя в средствах массовой информации и в виртуальном мире. Попытки героев Бенера быть воспринятыми другими как завершенные или совершенные, пытаясь отразить жизнь, безусловно показанную только в определенных кадрах, как если бы она «существовала», являются признаком той же пустоты, которая существовала от прошлого до настоящего.

Ключевые слова: небольшие рассказы, чеховский стиль, социальные проблемы, особенности героя, самовосприятие.

(Н. 3.Каракая. Самовосприятие героев в рассказах Вюсата О. Бенера, опубликованных в журнале «Варлык»)

Т.Ә. Қоңыратбай

ф.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Түркістан, Қазақстан (tynysbek55@mail.ru)

ORCID: 0000-0003-3012-5966

М.Шоқай еңбектеріндегі ұлт тәуелсіздігі идеясы

Андатпа

М. Шоқай – бір ғана қазақ, Орта Азия, Ресей емес, Еуропа елдеріне танымал тарихи тұлға. Оның сүйегі Берлин қаласының ортасында жатса, Париждің маңында оның бюсті қойылған аллея бар. Осындай әлемге танылған таңдаулы тұлғасын қазақ елі соңғы отыз жылдың көлемінде тани бастады. Кейінгі жылдары жарық көрген М. Шоқайдың он екі томдық шығармалар жинағында халқымыздың өткеніне қатысты саяси-әлеуметтік мәселелер ұшан-теңіз. Мақалада автордың ұлт тағдыры мен болашағына қатысты пікірлері сұрыпталып, олардың өміршеңдігі сараланды. XX ғасырдың бас кезіндегі қоғам қайраткерлерінің саяси ұстанымдары, зиялы қауымның тағдыр-талайына қатысты құнды мәліметтер оқырман назарына ұсынылды. Бұл басылымда қамтылған мәселелердің ауқымы аса қомақты. Олар бірде қазақ елі мен жері, бірде Орта Азия мен Кавказ, бірде алыс шетелдердің саяси мәселелерін қамтып жатады. Осы негізде М. Шоқайдың әлемдік деңгейдегі ірі қоғам қайраткері, түрік халықтарының тұтастығы идеясын толғаған тұлға екендігі көрсетілді.

Кілт сөздер: саясат, эмиграция, ұлт, кеңестер, алашордашылар, түріктердің бірлігі.

T.A. Kongyratbay

Dr., Prof., Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
Turkestan, Kazakhstan (tynysbek55@mail.ru)

The Idea of National Independence in the Works of M. Chokay

Absrtact

The name M. Chokai as a historical person is known not only in Kazakhstan, Central Asia and Russia, but also in the countries of the European Community. If his ashes rest in the center of Berlin, near Paris there is an alley with his bust. The difficult fate of the glorious son of his people, the new generation began to get acquainted only over the past thirty years. In recent years, a 12-volume collection of works by M. Chokai has been published, where there are a lot of socio-political problems and information that shed light on the past of our people. The article analyzes the fateful judgments of the author about the fate of nations. Readers are presented with political views and attitudes of public figures of the beginning of the twentieth century, as well as information about their future fate. The publication covers numerous information affecting the interests of not only the Kazakh people, but also the peoples of Central Asia and the Caucasus, as well as countries

Т.Ә. Қоңыратбай. М.Шоқай еңбектеріндегі ұлт тәуелсіздігі идеясы.

outside the world. Against this background, M.Шоқай is shown as a major public figure who carried through his life the idea of the unity of the Turkic peoples.

Keywords: politics, emigration, nation, soviets, Alashordyntsy, unity of Turks.

Кіріспе

Кез келген ірі қоғам қайраткерін толғантатын – ел мен жер тағдыры. Бүгінде болып жатқан саяси оқиғалардың аясында бұл тақырыптың мәңгі ескірмейтінін де аңғарып отырмыз. XX ғасырдың бас кезіндегі тарихи-әлеуметтік жағдай қазақ даласында ел тағдыры туралы толғанған ойшылдар шоғырының қалыптаса бастағанын көрсетті. Алаш ардақтылары – Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Қожанов, Х. Болғанбаев, Қ. Қоңыратбайұлы, т.б. көптеген қоғам қайраткерлері қазақ елін Ресейден бөлеміз деп түн ұйқысын төрт бөлгені баршаға аян. Сол қоғам қайраткерлерінің тәуелсіздік жолындағы күресі кейінгі ұрпаққа жан-жақты жеткізіліп, ресми түрде мойындалды деп айтуға әлі ерте.

Кеңес дәуірінде алаш қайраткерлерінің іс-әрекеттері коммунистік идея тұрғысынан бағаланғаны белгілі. Уақыт озған сайын бұрын көпшілік қауымға жетпеген тың әрі тосын деректер табылып, көпшіліктің назарына ұсынылуда. Бұл реттен Х. Абдуллин [1], А. Қара [2], М. Қойгелді [3], А. Нүсіпхан [4], Х. Оралтай [5], Б. Садықова [6], т.б. еңбектерін атауға болады. Олардың бірқатары ғылыми оралымға еніп отырса, ендігі жерде алаш қайраткерлерінің қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-ағартушылық іс-әрекеттерін бағалау міндеті де туындап отыр. Ол үшін көрнекті қоғам қайраткерлерінің атқарған еңбектері ұлт тәуелсіздігі идеясы тұрғысынан қайта сұрыпталып, ғылыми негізде бағалануы шарт.

Әрине, бұл – күрделі міндет. Ұлттық құндылықтарымызды, ұлт қайраткерлерінің қоғамдық-әлеуметтік істерін таным таразысына қайта салып, салмақтау үшін бұрын көпшілікке жете қоймаған, мазмұны күдік тудырмайтын тың да тосын материалдардың қажет болары анық. Ұлт тағдыры, ұлттық рух, ұлт тәуелсіздігі идеясына толы сондай қымбат қазыналарымыздың бірі – Мұстафа Шоқай мұрасы [7]. Оның бізге жеткен қолжазбалары 12 том көлемінде жарық көріп, көпшілікке жол тартқалы да 5–6 жылдың жүзі болды. Ендігі жерде сол мұраны ғылыми тұрғыдан игеріп, түрік халықтарының бірлігін үндеген М. Шоқайдың саяси-мәдени ой-өресін анықтаудың да кезегі келіп отыр.

Зерттелуі

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ оқымыстыларының арасында заң саласы бойынша жоғары білім алғандардың бірегейі – М. Шоқай. Санкт-Петербург университетінде оқып, ғылым мен білімнің кәусар бұлағынан сусындаған Мұстафа Шоқай қазақ еліндегі саяси оқиғаларға белсене араласып, Түркістан халықтарының жоғын жоқтаған ірі қайраткер. Ардақты алаш қайраткерлері автономия құру жолында Ленинмен келіссөз жүргізіп, кеңес үкіметін мойындап, кейбіреулері коммунистік партия қатарына өтуге тырысып жатқанда, М. Шоқай қызылдар билігін қабылдамаған күйі шетелдік эмиграцияға кеткен. Еуропаның жүрегі – Парижде отырып кеңес үкіметі тарапынан Орталық Азия аймағында жүргізілген қазан төңкерісінің зардаптарына саяси баға беру көбіне М. Шоқайдың үлесіне тиген. Шетелде жүріп кеңес үкіметінің қол астында қалған түрік тектес халықтардың тағдырын М. Шоқай деңгейінде көпшілікке паш еткен қайракерлер бізде көп емес. Елде қалған қазақ зиялылары алдымен кәмпеске, одан соң аштық, кейін 1937–1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбанына айналғаны баршамызға жақсы мәлім. Осы оқиғалардан аман қалған М. Шоқайды елден тілектестерінің ақыл-кеңесімен кеткен деушілер де жоқ емес.

Осы тұста Мұстафаның өз замандастарынан басты ерекшелігі де айқындалады. Алаш қайраткерлерінің кеңес үкіметі автономия береді деген үмітпен 30-жылдардың ортасына дейін келгені белгілі. Ал М. Шоқай кеңес үкіметін қабылдамай, 1918 жылдың бас кезінде Қоқан автономиясы құлаған бойда елден кетуге мәжбүр болған. Автономияны таратып, М. Шоқайды ұстап беру туралы шарт қойған большевиктердің оны маңдайынан сипай қоймайтыны кімге де болса түсінікті [8, 26-б.]. Шоқай басында кеңес үкіметіне сеніммен қарап, артынан түңілген соң барып елден кеткен жоқ. Ол большевиктер Орта Азияға аяқ басқан кезде амалының жоқтығынан кетті. Осыны мұқият ескеру керек.

М. Шоқайдың қоғамдық-саяси көзқарастары кеңес үкіметінің озбыр саясатымен күрес үстінде қалыптасқан. Саясат әлемінде ол Лениннің «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұранын қабыл алмаған. Оның есесіне Түркістан ұлттық қозғалысы деген идеяны айтып, оның түпкі мақсат-міндеттерін көрсеткен. Мұндай қозғалысты тудырған екі түрлі жағдайды атаған:

а) түркістандықтардың өзге ұлт болғандығы; ә) ұлттық экономикалық мүддесінің Ресейге қайшы келуі.

Бүкіл саналы ғұмырын азаттық идеясына арнаған М. Шоқайдың негізгі нысанасы – Түркістанды орыс пролетариатының үстемдігінен құтқару, орыс үстемдігіне жол бермеу, тәуелсіз мемлекет құру болды. Осы мақсатпен «тұтас Түркістан» туралы ұран тастаған.

Әрине, осындай батыл да тәуелсіз идеялары үшін кеңес үкіметі М. Шоқайды «жау» санап, ізіне түсті, көзін құртуға тырысты. Бірақ ол өз мақсатын ешқашан жасырған емес. «Бұл күнде біздің бір ғана жолымыз бар. Ол – ұлтты құтқару жолы. Біздің мұратымыз – ұлттық тәуелсіз Түркістан», – деген идеяны ғұмыр бойы айтып өткен.

Сыни сараптама

М. Шоқайды тануға кедергі болып жүрген тағы бір тақырып бар. Ол – Түркістан легионы. Осыны жалаулатып, М. Шоқайдың халықаралық деңгейдегі саяси қызметін жоққа шығарғысы келіп жүргендер де болды. Мысалы, ғаламтор жүйесіндегі журналистік зерттеу мен аналитикалық ақпарат сайтында «Flesh!» газетінің бас редакторы Д. Данилевскийдің «Мұстафа Шоқай» деректемелік фильміне орай жазған материалы жарияланды [9]. Кешегі кеңестік идеологияның иісі шығып тұрған пікір. Ол жүйенің ыдырағанына отыз жылға жуық уақыт өтсе де, автор өз ойларын коммунистік режимнің идеологі ретінде сабақтаған. Осы тұста мақала авторының М. Шоқайдың саяси-әлеуметтік көзқарастары, өмір бойы ұрандатып өткен түріктік идеясы, жалпы бүкіл Еуропаға мәлім еңбектерімен таныс еместігі көзге ұрады. Автордың айтпағы – «кешегі қара бүгін неге ақ болады?» деген консервативтік ұстаным.

М. Шоқайдың кеңестік режимге мойын сұнбағаны белгілі. Зеректігінің арқасында кеңес үкіметінің түпкі мақсатын күнілгері түсініп, революция идеясын қабылдамаған көптеген Ресей зиялыларының қатарында эмиграцияға кеткен. Грузия (Тифлис), Түркия, Франция елдерінде жүріп өзінің қызылдар билігіне қарсы ойларын көпшілікке паш етті, кеңес үкіметінің ұлт саясаты төңірегіндегі қайшылықтары мен бұрмалаушылықтарын әшкереледі.

М. Шоқай – кеңес үкіметінің азаматтығын алмаған адам. Еуропаны неміс-фашистер басып алғанда абақтыда жатып хат жазып, тұтқында жатқан түркістандықтардан көркемөнерпаздар үйірмесін құруға рұқсат алған. Осы мақсатқа орай фашистік концлагерлерді аралап, көптеген отандастарын өлімнен арашалап қалған. Бірнеше күн ауырып жатып, 1941 жылдың 27-желтоқсанында кенеттен қайтыс болған М. Шоқай Түркістан легионының құрылғанын көре алмаған. Оның өліміне

кеңестік барлау қызметінің қатысы болуы мүмкін деген пікірлер де айтылды. Себебі түрік халықтарының тұтастығын толғаған идеясы Сталинге ұнамай, оның аяғы 1924 жылы Түркістан республикасын таратуға себеп болған-ды.

Кеңестік ұғым-түсінік аясынан шыға алмаған Д. Данилевский Мұстафа Шоқайды фашистерге сатылған генерал Власовпен теңестіріпті. Бұл да сәтсіз салыстыру. Түркістандағы оқиғалар тұсында Элиаваның «гражданин Чокаев» деген пікірін мысқылдаған Мұстафа [10, 290-б.] кеңес үкіметінің азаматы болған емес, ал Власов – кеңес үкіметінің азаматы, оның әскери күшіне қызмет істеп, ант берген қызыл генерал. Оның сатқындығы осымен айқындалады. Ал М. Шоқайдың өз халқына еш жамандық жасамағанын айтсақ та жеткілікті.

М. Шоқай мұрасы бізге ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ ойшылдары мен саясаткерлері туралы да мәліметтер жеткізіп отыр. «Кеңес үкіметі және қырғыздар» атты мақаласында Ресей билігінің қырғыз (қазақ – Т.Ә.) автономиясын құру бағытында бір қадам жасап, артынан айнып қалғанын, оны алаштықтардың ұқпай қалғанын жазады. Осындай кезде «Жасасын түрік-татарлар» деген ұран тастап, «Үш жүз» атты солшыл социалистердің партиясын құрып, бірде Милюков, бірде Керенский, тағы бірде Лениннің ықпалына жығылып, өз жолын таппай жүрген Көлбай Тоғысовты сынға алады. Ол жетекшілік жасаған партияның қазақ зиялыларын тегі жағынан «таза» және «таза емес» (аралас некеден туған) деп жіктегенін алға тарта отырып, мұндай партияны қазақ даласынан аластау керектігін айтады.

Осы тұста М. Шоқайдың қазақ қоғамына тән рулық психологиядан бүтіндей аман болған саясаткер екенін айту қажет. Оны кезінде Амангелдіге байланысты жазған болса, біз қарастырып отырған мақаласында Тунгачин, Жанкелдин, Каратаев, Хұсаин Ибрагимовтерге жеке-жеке саяси мінездеме беріп, қазақ халқының болашағы үшін пайдалары шамалы деген тұжырымға келген.

Осыған жуық сынды Т. Рысқұловтың «Революция и коренное население Туркестана» (1925) деген еңбегіндегі: «Киргизы, как экономически слабые с точки зрения марксистов, все равно должны будут вымереть. Поэтому для революции важнее средства тратить не на борьбу с голодом,.. а на поддержку лучше фронта» [11, 180-б.], - деген пікірі тұсында да сабақтаған.

Ел тағдыры, әлеуметтік теңсіздік – М. Шоқай көтерген өзекті мәселелердің бірі. Түркістандағы орыс әскерлерінің бассыздығын,

кеңес заманындағы лауазымды қызметкерлердің күрт байығанын тілге тиек еткен саясаткер: «Предисполком такой-то выстроил себе прекрасный дом из кирпича...А еще совсем недавно ни у самого этого товарища предисполкома, ни у его отца не было ничего, кроме верной собаки «Байчолак»: на то он и представитель бедноты...Богатеют внезапно не только сельские и уездные власти, но и повыше рангом» [12, 133-б.], – деп жазады.

М. Шоқайдың тіл мәселелеріне қатысты пікірлері де ұлттық идеямен астарласып жатады. Оның басты қаупі – социалистік қоғам құрып жатқандардың ана тіліміздің қадір-қасиетін жоймақ ниеті. Мұстафа ұғымындағы ана тілі – әріден бастау алатын түрік тілі. Сондықтан оның ұлттық идеялары қазақ топырағындағы ұлтшылдық деңгейінде ғана қалмаған, одан әлдеқайда ауқымды. Айталық, Түркістан аймағын жеке республикаларға жіктеуден гөрі М. Шоқай «бөлінбейтін біртұтас Түркістан» құру идеясын жоғары бағалаған. Осыған орай Еділ, Орал, Қырым, Түркістан болып бірігіп қана Ресейге қарсы жеңіске жетуге болатынын меңзеген. «Еркін казак» қозғалысының бағдарламасы – Кубань, Дон, Терек, Астрахан, Орал және Орынбор қазақтарының басын қосып Казакия мемлекетін құру болса, бұл бастама да Мұстафа Шоқай тарапынан қолдау тапқан.

М. Шоқайдың 1916 жылғы көтеріліске көзқарасы да өзгеше. Оның пайымдауынша, Түркістанда қазан төңкерісі болмаған. Себебі бұл аймақта ондай іс-әрекетті жүзеге асыратын пролетариат табы жоқ еді. Осы негізде саясаткер 1916 жылғы көтерілісті Түркістандағы ұлттық төңкерістің әліппесі ретінде бағалап, оның мәнін орыстыққа қарсы күрес деп ұғынған. Сәл кейіндеу «біз, түркістандықтар, орыстану дәуірін артқа тастап, ұлтты құтқару күресін жүргізіп жатқанымызды естен шығармайық» [13, 202-б.], – деп толғанады.

М. Шоқайдың оқу-ағарту мәселелеріне қатысты пікірлерінің біздің қоғамымыздың бүгінгі талап-тілектерімен ұштасып жатқанын аңғару қиын емес. Ауылға бет бұру, ауыл мектептеріне маман даярлау ісінің ұлттық кадр даярлау мәселесімен байланысын ескерер болсақ, мұндай идеяны М. Шоқай, С. Қожанов секілді қазақ зиялылары ХХ ғасырдың бас кезінде-ақ айтып кеткен. С. Қожанов жоғары оқу орындарын жергіліктендіру проблемасын көтергенде, М. Шоқай оны қолдаған. Әсіресе «большевиктер ғылымда бейтараптықты мойындамайды. Ғылым олар үшін таптық күрестің баламасы» деген пікірінің маңызы ерекше. Оның Орта Азия институтында оқып жатқан 950 студенттің 50-і ғана жергілікті халық өкілдерінен, ал бізге

«жергілікті өмірді жақсы білетін, шын дінімен халыққа байланған кісілер керек» деген пікірінің де саяси салмағы елеулі.

М. Шоқай Түркістан азаттығы идеясын орыс миссионерлігіне қарсы күреспен байланыстырған. Бұл өлкенің халқы үшін ақтар да, қызылдар да бірдей. Ақтар кетіп, Түркістанға қызылдар келгенде, оның «жаңбырдан шығып, қарға ұрындық» деген теңеу қолдануының үлкен саяси астары болатын.

Пікірсайыс

Мерзімді баспасөз, әлеуметтік желілерде М. Шоқайдың қазақ халқына сіңірген еңбегін Ә. Бөкейханмен салыстыру, бірін жоғары, екіншісін төмен қою нышандары да бой көрсетіп жүр. Әрине, Әлихан да, Мұстафа да осал адамдар емес. Екеуі де Ресей Думасының маңынан табылып, елге ерекше қызмет еткен. Қазақ елін бүтіндей Ресейден бөліп әкетеміз деген мәселеде олардың көзқарастарындағы айырмашылықтар байқалғандай болады. Бастапқы кезде Мұстафа Алаш қайраткерлерінің ортасынан көрінсе де, елден ерте кетіп қалуына байланысты олардың іс-әрекеттерін сырттай бақылап отырған.

Иә, М. Шоқай – Алашорда өкілдерінің тағдырын жіті қадағалаған жандардың бірі. 1932 жылы М. Әуезұлы мен Ә. Ермеқұлының ашық хаттары жарияланғанда, М. Шоқай Францияда отырып «олардың ешқандай кінәсі жоқ» деген пікір айтқан [5]. Бұл қос қайраткердің мойнына алғандары Ресей Совнаркомының кінәсі екенін дәлелдеп, оны не себепті мойындарына алып отырғанын көпшілік қауымға түсіндірген. Мұхтар мен Әлімханды Алашорда басшылары ретінде көрсеткен «Социалды Қазақстан» газетінің мәліметін әшкерелеп: «Алашордаға соңынан келіп қатысқан Мұхтар былай тұрсын, бұрыннан алашорда мүшесі Әлімхан да алашорданың бастықтарынан емес... Біз жеке тұлғалардан жоғары тұрған ұлттық мұраттарға сенеміз», – депті.

Бір ерекшелігі, М. Шоқай қазақ топырағындағы кеңес заманының зардаптарымен ғана шектелмей, бүкіл Түркістан аймағындағы асыра сілтеушіліктерді қадағалап, тиісті бағасын беріп отырған. Оның Берді Кербәулы мен Қаражан Бұрынұлының мойындау хаттарына қатысты ойлары да назар аударарлық. Мұнда ол партия жолынан сәл де болса жаза басқандарды большевиктердің жазалап, «ал одан құтылу үшін әлгі «пұшаймандар» өздерінің кешегі жақын достарын, тіпті ата-жағып» жататынын тілге тиек еткен. Осыған орай, М. Шоқайдың қаламгер қауымына қоятын талаптары да өзгеше: «Әдебиетшілер

көздерімен көріп, санасында саралағанын жазғанда ғана өздерінің нағыз қаламгерлік борышын өтей алады. Қаламгерлердің шығармалары сонда ғана халықтың рухани сұранысына жауап бере алатын болады» [14, 410-б.]

М. Шоқай еңбектерінен оның қазақ қайраткерлеріне деген көзқарасы да айқын аңғарылады. Мысалы, Мұстафа жазбаларынан біз атақты комиссар Әліби Жангелдиннің Иван Александрович Степнов деген есімді иеленгенін оқып білеміз. Оны Мұстафа «орыстың діндар комиссары» ретінде бағалап, осындай адамды «Дала уалайатына комиссар етіп тағайындаған кеңес үкіметі туралы не айтуға болады? Миссионер, шоқынған Жангелдин бүгінде Қазақстан Орталық атқару комитеті төрағасының орынбасары» деп күйіне жазған.

Кеңес заманында өздерінің төңкеріс идеясына беріктігін дәлелдегісі келгендер аз болмаған десек, солардың қатарынан Тұрар Рысқұловтың есімін де көреміз. М. Шоқай мақалаларынан оның жеке тұлғасын бағалау рухындағы пікірлерді де кездестіруге болады. Алашорданы сынауда Тұрардың алдына жан салмай келгенін тілге тиек еткен Мұстафа Шоқай: «Үстіміздегі жылы «Түрксибке» 5 жыл толуына орай «Известияға» жазған мақаласы болмаса, Тұрар көптен бері Түркістан өміріне қатынаспай қалған. Қазақстанды ақымақ Голощекин билеп тұрған тұста Тұрар ауыз аша алмайтын күйде болатын... Тұрар Сафаровтан да жасқанатын» деген деректер келтіре отырып, оның асыра айтқан пікірлерін мінеген. «Тұрар «Алаш» зиялыларын 1905 жылғы төңкерісте «екіжүзділік жасады» деп айыптайды. Ал бірақ «Алаш» зиялыларының төңкерісшіл ұлттық ұйым және саяси партия түрінде 1917 жылы ғана аренаға шыққанын ол өте жақсы біледі... Рысқұлұлы Тұрар Бөкейхан, Міржақып Дулат және басқа да «Алаш» зиялыларының басшылары қазақтардан жұмысшы алған кезде байлардың балаларын құтқарып, олардың орнына кедейлерді жіберді» деген сөздерді ар-ожданы азаптанбай, шімірікпей жазып отыр» [3, 197-199-б.], – деген жолдар соның дәлелі.

Ресейдің қазақ жерін отарлау бағытындағы саясатын, «қазақ даласына орыс крестьяндарын әкелу процесін» жылдамдатуды жақтаған Бақытжан Қаратаев тұлғасына қатысты пікірлері де терең ойға түсіреді. С. Сәдуақасов, С. Қожанов, К. Акрамов, Т. Рысқұлов, О. Исаұлы, М. Айтақұлдардың алды отарлау саясатын айыптаса, арты ашық түрде қолдаудан бас тартқанын сөз ете келіп, олардың «бірде-бірінің Бақытжан Қаратаев деңгейіне дейін құлдырамауының» себебін көрсетеді. Ол – ел, халық талабымен есептесу болатын. Осыған орай,

Мұстафа Шоқай Н. Оңдасыновты екінші Б. Қаратаевқа теңей келіп, оның алғашқысы «қара басының қамы үшін ел мүддесін сатқан болса», соңғысы «сатуға мәжбүр болып отыр» дейді.

Ресей саясатына қолдау көрсеткен Б. Қаратаев кеңес үкіметін де бірден қабылдаған. Осыны баяндаған М. Шоқайдың Әлихан, Ахмет, Міржақыптарға берген бағасы өзгеше. Тұрар Рысқұлов Әлиханды патша үкіметіне қызмет етті десе, Мұстафа Шоқай «Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулат тәрізді «Алаш» партиясы лидерлерінің ешқайсысы да патша мекемелерінде ешқашан үлкен, кіші әкімшілік қызметтерде болған емес» деген мәліметті алға тартып, Тұрар Рысқұловтың «Әлихан Бөкейханға осыншама арсыздықпен жала жапқанын қалай түсінуге болады?» деген мәселе қояды.

Бір ерекшелігі, М. Шоқай қазақ қайраткерлерінің елдік істерін рушылдық, жерлестік психологиясы тұрғысынан сұрыптамаған. Оның өз руластары – Әліби, Амангелділерге қатысты пікірлері соны аңғартады. Бұл мәселені орыс миссионерлігінің сыр-сипатын саралағанда одан әрі өршіте түсіп, Т. Жүргенов қызметіне де саяси баға берген.

Т. Жүргенов – отызыншы жылдарғы қазақ мәдениетінің көрнекті тұлғасы. Оның есімімен Қазақстандағы көптеген оқу-ағарту және мәдени іс-шаралардың байланысты екені белгілі. Дегенмен сыртта жүріп бақылаған М. Шоқай пікірлерінің де құлақ қоятын тұстары жоқ емес. Айталық, кезінде Темірбек Жүргеновтің Шоқанды орыс миссионері ретінде бағалағаны белгілі. Мұны Мұстафа да айтқан. Бірақ ол Т. Жүргенов пікіріне анықтық енгізе отырып: «Біздің ғасырымыз Шоқан дәуіріне қарағанда мүлде басқа. Шоқан ол кезде жалғыз еді. Және оның алдында халқын ұлт деңгейіне көтеру міндеті де тұрған жоқ болатын» дейді. Мұны да қанағат тұтпай: «Жүргенұлы мен сол тектестерге келсек, олар өз халқын Шоқанша сүйе алар ма? Олар өз халқына жәбір-жапа көрсетіп отырған орыстарға қарсы көтерілу былай тұрсын, бетіне тура қараудан да именеді. Ш.Уәлиханов шынында орыс мәдениеті мен орыс билігінің миссионері еді... Бірақ ол орыстардың өз халқына істеген хайуандығын көргенде, оларға қарсы шығуға батылдық ете алды. Шоқан Уәлихановты сынауға тек біздің ғана құқымыз бар. Ал өздері орыс большевизмі мен орыс диктатурасының миссионері болып отырғандардың құқы жоқ» [5, 178-б.] деген моральдық-этикалық талаптар да қояды.

Мұстафаның саяси семсеріне іліккен партия қайраткерлерінің бірі – Илияс Қабылов. Ол кезінде Смағұл Сәдуақасов, Сұлтанбек

Қожанов, Меңдешұлдарын «ұлтшыл» деп айыптаған болса, М. Шоқай Сұлтанбек пен Смағұлдың «ел үшін еңіреп туған азамат» болғанын дәлелдеп бағады. І. Қабылұлының «Қазақ ұлтшылдығын нысана етейік!» деген мақаласындағы көптеген дәлсіздіктер мен асыра айту көріністерін сынға алып, оның «кеңес оқырманын шатастыру мақсатында» жазылғанын көрсетеді. Осының бәрі Мұстафаға І. Қабылұлын «сатқын» ретінде бағалауға негіз болғандай.

М. Шоқайдың пайымдауынша, Б. Қаратаев – ескі, Ә. Жангелдин, І. Қабылұлы, Т. Рысқұлов, Т. Жүргенов – жаңа типтегі миссионерлер. Олар – патшалық, кеңестік Ресейге қызмет еткен тұлғалар. Әрине, бұл пікірлердің әлі де елеп-екшейтін тұстары болуға тиіс. Бірақ: «Біздің күресіміздің түп мағынасы – жер үшін күрес. Түркістанның ұлтарактай жері де ешкімнің отары болуға тиіс емес» деп, Түркістанның тұтастығын толғаған Мұстафа Шоқайдың қойып отырған талаптарының да саяси-элеуметтік мәні атап айтарлықтай.

Бұдан келіп М. Шоқай кеңес дәуірінде қызмет еткен қазақ зиялыларының елдік істерін бүтіндей жоққа шығарады деген біржақты ұғым тумауға тиіс. Оның ұлт тағдырына араша түскен Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Аспандияров, С. Қожанов, т.б. қоғам қайраткерлері туралы жылы лебіздері аз емес. Қажет тұсында Т. Рысқұловтың кейбір әрекеттеріне оң көзқарасын да білдіріп отырған.

М. Шоқай 1937–1938 жылдарғы саяси қуғын-сүргіндерді сыртта жүріп бақылап, өз кезеңінде саяси бағасын беріп отырған бірегей тұлға дедік. Мұндай саяси міндетті орындау ісін тағдыр қазақтың өзге саясаткерлеріне жазбады. Мысалы, Ресейде Зиновьев, Каменев, Бухарин, Радик, Рыков, Пятаков, Серебрянников, Сокольников секілді қоғам қайраткерлері тұтқындалып жатқанда М. Шоқай бұл әрекеттердің «бұл елдің, сірә, жөні түзу басшысы жоқ шығар» деген ой туғызғанын тілге тиек етіп: «Кеңес одағында жүріп жатқан жазалау науқандары дүние жүзі жұртшылығы тарапынан қатаң айыпталуда» – деп, дабыл қағыпты.

М. Шоқайды қазақ арасынан шыққан қайраткерлердің жеке тағдыры да терең толғаныстарға жетелеп отырған. Белгілі ғалым Санжар Аспандияров «халық жауы», «жапон шпионы» деп жарияланғанда Санжардың қасіреті тым ауыр деп қамықты.

Мұстафа Шоқай С. Аспандияровтың тарихи еңбектеріне сын көзімен қарап, оның өз халқының тұрмыс ерекшеліктерін жете білмегенін, көбіне маркстік-лениндік ілімге арқа сүйегенін айтады.

Осыған орай ауылдасы Қоңыратбайдың: «Мен заңның дұрыстығына сенемін. Тек оны біздің өмірімізді білмейтін адамдар біздің дала тұрмысына сәйкес келмейтін басқа бір ортаға лайықтап жазуынан қорқамын. Табиғи заң қашанда әділетті» [14, 162-б.], – деген пікірін есіне алып, маркстік ғалымдардың мұндай пікірге бара алмағанын, Санжар Аспандияровтың да туған халқының тарихын марксизм теориясымен түсіндірмек болғанын жазады.

Өзбекстанның Файзолла Қожа, Сұлтан Сегізбайұлы, Шахмұрат Ахметұлы секілді көрнекті қоғам қайраткерлерінің «халық жауы» ретінде айыпталуы да Мұстафаны бейтарап қалдыра алмаған. Мұндай саяси оқиғалардың барлығы дерлік «Яш Түркістан» бетінде арнайы сөз болып, тиісті бағасын алып отырған.

Қорытынды

М. Шоқай – коммунистік режимнің табытшысы. Бірақ оның ой-пікірлері теория, идея деңгейінде ғана айтылып, нақты іс-әрекеттерге ұласпаған. М. Шоқайдың қазақ шежіресі, қазақ фольклорының жанашыры В. Радлов туралы пікірлері де тосын мәліметтерге толы. 1858 жылы Ресейге келіп, осы елдің азаматтығын алған Вильгельм Радловпен Мұстафа Шоқай 1910 жылы Самойлович арқылы танысыпты. Үнемі неміс ұлтын мақтап, орыстарды даттап жүретін В. Радловты көрнекті фольклортанушы десек те, оның қазақ халқына деген көзқарасы пәлендей биік болмаған тәрізді. М. Шоқайдың көрсетуінше, халықтарды күшті және әлсіз деп екіге жіктеген В. Радлов орыстардың қазақты билеуін заңды құбылыс санаған. Сол себепті Радловтың түріктану саласындағы еңбектерін бағаласа да, «одан қайдағы бір түрік сүйіспеншілігін, әсіресе біздің... ауыр халімізге жанашырлығын іздеудің тіпті де қажеті шамалы» деп қорытқан.

Мұстафаның қазақ, жалпы Түркістан деңгейіндегі мәселелермен түйықталып қалмай, әлем шеңберіндегі оқиғаларға да жетік болғаны оның Ресей, Англия, Түркия, Румыния, Жапония, Польша, Алмания, Италия, т.б. елдердің ішкі саясаты туралы пайымдауларынан анық көрінеді. Соның бәрі оның тұлғасын әлемдік деңгейге көтереді.

Осының бәрі Мұстафа Шоқайдың сауатты саясаткер, білікті заңгер, ірі қоғам қайраткері болғандығын аңғартатын мәліметтер. Оның орыс тілінде жазған мақалаларынан публицистика, тіпті кеңсе стилін жетік меңгергені көрініп тұрады. Қазақ халқының егемендік жолындағы ғасырлар бойғы күресін сөз еткенде М. Шоқай еңбектеріне

Т.Ә. Қоңыратбай. М.Шоқай еңбектеріндегі ұлт тәуелсіздігі идеясы.

соқпай өту мүмкін емес. Оған қайраткердің 12 томдық шығармалар жинағы дәлел бола алады.

М. Шоқай – ХХ ғасырдың бас кезіндегі ірі қоғам қайраткерлерінің ішінен аман қалған жалғыз тұлға. Оның ұлт азаттығы идеясына толы көп томдық еңбектері – қазақ халқының қымбат қазынасы. Ел мен жер тағдыры туралы саяси-әлеуметтік ойлары – қазақ демократиясының ХХ ғасырдың бас кезіндегі жарқын бір көрінісі. Түрік әлемінің тұтастығын толғаған М. Шоқай – қазақ топырағынан шығып, Еуропаға танылған ұлы қайраткер. Оның ұлт тарихының жарқын беттерін құрайтын еңбектері қазақ халқымен бірге мәңгі жасайтын болады.

Әдебиеттер

1. Абдуллин Х. Мұстафаның өмірі мен өлімі // Ана тілі, 1991, ақпан.
2. Қара А. Мұстафа Шоқай. Өмірі, күресі, шығармашылығы. – Алматы: Арыс, 2004. – 320 б.
3. Қойгелдиев М. Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқай. – Алматы, 1997.
4. Нүсіпхан А. Кремльдің түн ұйқысын төрт бөлген Мұстафа Шоқай және оның «Яш Түркістан» журналынан соны деректер // Қазақ әдебиеті, 1998, 8, 15 мамыр.
5. Оралтай Х. Мұстафа Шоқай және оның шетелдегі ізбасарлары. – Ыстанбұл, 1997. – Б. 251-271.
6. Садықова Б. Мұстафа Шоқай және Франциядағы қазақ зиялылары // Қазақ елі, 1997, 10 қаңтар.
7. Мұстафа Шоқай. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты. – Алматы: Дайк-пресс, 2012-2014.
8. Мұстафа Шоқай. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Дайк-пресс, 5-том, 540 б.
9. Данилевский Д. Как черное становится белым // Flashpress.kz, 2010.
10. Мұстафа Шоқай. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Дайк-пресс, 8-том, 560 б.
11. Мұстафа Шоқай. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Дайк-пресс, 4-том, 532 б.
12. Мұстафа Шоқай. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Дайк-пресс, 3-том, 664 б.
13. Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. 1-том. – Алматы: Қайнар, 1998. – 512 б.
14. Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. 2-том. – Алматы: Қайнар, 1999. – 520 б.

References

1. Abdýllın H. Mustafanyń ómiri men ólimi // Ana tili, 1991, aqpan.
2. Qara A. Mustafa Shoqai. Ómiri, kuresi, shyǵarmashylyǵy. – Almaty: Arys, 2004. – 320 b.
3. Qoıǵeldiev M. Tutas Túrkiстан ideiasy jáne Mustafa Shoqai. – Almaty, 1997.
4. Núsiphan A. Kremldiń tún uıqysyn tórt bólgen Mustafa Shoqai jáne onyń «Iash Túrkiстан» jýrnalyнан sony derekter // Qazaq ádebieti, 1998, 8, 15 mamyr.

5. Oraltaı H. Mustafa Shoqai jáne onyń sheteldegi izbasarlary. – Ystanbýl, 1997. – B. 251-271.
6. Sadyqova B. Mustafa Shoqai jáne Frantsıadaǵy qazaq zııalylary // Qazaq eli, 1997, 10 qańtar.
7. Mustafa Shoqai. Shyǵarmalarynyń tolyq jınaǵy. On eki tomdyq. R.B.Súleimenov atyndaǵy Shyǵystaný institúty. – Almaty: Daik-press, 2012-2014.
8. Mustafa Shoqai. Shyǵarmalarynyń tolyq jınaǵy. – Almaty: Daik-press, 5-tom, 540 b.
9. Danilevskıı D. Kak chernoje stanovitsıa belym // Flashpress.kz, 2010.
10. Mustafa Shoqai. Shyǵarmalarynyń tolyq jınaǵy. – Almaty: Daik-press, 8-tom, 560 b.
11. Mustafa Shoqai. Shyǵarmalarynyń tolyq jınaǵy. – Almaty: Daik-press, 4-tom, 532 b.
12. Mustafa Shoqai. Shyǵarmalarynyń tolyq jınaǵy. – Almaty: Daik-press, 3-tom, 664 b.
13. Mumtafa Shoqai. Tańdamaly. 1-tom. – Almaty: Qamar, 1998. – 512 b.
14. Mustafa Shoqai. Tańdamaly. 2-tom. – Almaty: Qamar, 1999. – 520 b.

Özet

Mustafa Çokay sadece Kazakistan, Orta Asya, Rusya için değil Avrupa için de tanınmış tarihî şahsiyetler biridir. Onun mezarı Berlin şehrinin ortasındadır. Paris yakınındaki ağaçlı bir yolda da büstü bulunmaktadır. Böyle dünyaca ünlü bir şahsiyeti Kazak ili ancak otuz yıldır tanımaya başlamıştır. Mustafa Çokay'ın daha sonraki yıllar yayımlanmış olan on iki ciltlik eseri içerisinde halkımızın geçmişine dair siyasi ve toplumsal meseleler oldukça geniş bir şekilde yer almaktadır. Makalede, onun milletin kaderi ve geleceğine dair fikirleri ele alınıp bunlar incelenmiştir. 20. yüzyılın başındaki toplum hizmetkârlarının siyasi prensipleri, aydınların kaderlerine dair kıymetli bilgiler okurların dikkatine sunulmaktadır. Bu yayında ele alınan meseleler oldukça hacimlidir. Onlar bize Kazak ilinin, Orta Asya ile Kafkasya ve uzak ülkelerin siyasi meselelerini sunmaktadır. Bunlar temelinde Mustafa Çokay, dünya seviyesinde büyük bir toplum hizmetkâri, Türk halklarının birliği idealini savunan bir şahsiyet olarak ele alındı.

Anahtar Kelimeler: siyaset, göç, millet, Türk birliği, Sovyetler, Alaş Ordacılar.
(**T.E. Konratbay. Mustafa Çokay'ın Eserlerinde Milli Bağımsızlık Fikri**)

Аннотация

За последние годы было опубликовано 12-томное собрание сочинений М.Чокая, где очень много социально-политических проблем и сведений, проливающих свет в прошлое нашего народа. В статье проанализированы судьбоносные суждения автора о судьбе наций. Вниманию читателей представлены политические взгляды и установки общественных деятелей начала XX века, сведения об их дальнейшей судьбе. В рассматриваемом издании охвачены многочисленные сведения, затрагивающие интересы не только казахского народа, но и народов Средней Азии и Кавказа, а также стран дальнего зарубежья. На этом фоне М.Чокай показан как крупный общественный деятель, пронесший через всю свою жизнь идею о единстве тюркских народов.

Ключевые слова: политика, эмиграция, нация, единство тюрков, советы, алашордынцы.

(**Т. Коныратбай. Идея национальной независимости в трудах М.Чокая**)

E. Nemetova¹, Y. Zhiyenbayev²

¹Yüksek lisans öğrencisi, Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi
Türkistan, Kazakistan (elnara.nemetova@bk.ru) <https://orcid.org/0000-0002-4280-8425>

²Dr., Öğretim Üyesi, Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi
Türkistan, Kazakistan (yerlan.zhiyenbayev@ayu.edu.kz)
<https://orcid.org/0000-0001-9234-4780>

**Türkistan Şhrinde Yaşayan Türk Halklarının Kız Uzatu (Gelin
Çıkarma) Geleneği**

Özet

Kazakistan'da yüzden fazla milletin temsilcileri birlik beraberlik içerisinde yaşayıp kendi kültürleri, gelenek ve göreneklerini korumaktadır. Kazak, Kırgız, Özbek, Türk ve tüm Türk soylu halkların gelenekleri tümüyle benzerlik göstermese de birbirine yakın olduğu noktalar vardır. Bu makalede, Güney Kazakistan bölgesi Türkistan şhrinde yaşamakta olan Türk halklarından Kazak, Özbek ve Ahıska Türklerinin eski devirlerden beri süregelen "Kız Uzatu" geleneği üzerine araştırma yapılmıştır. Türk toplumu için aile; neslin devamını, birliği ve beraberliği sağlayan en önemli kurumdur. Bireyin, toplum içinde kabul görmesi için de aile kurumunu evlilik yoluyla oluşturması gerekir. Bu sebeple çalışmada Türk toplumunun önem verdiği ve çeşitli ritüelleri uyguladığı geçiş dönemlerinden olan gelin çıkarma geleneği üzerinde durulmuştur. Literatür taraması ve karşılaştırma yönteminin kullanıldığı çalışmada konu ile ilgili birçok kaynağa başvurulmuştur. Elde edilen veriler farklılıklar ve benzerlikler açısından değerlendirilmiştir. Bu araştırmanın sonucunda Türkistan şhrinde yaşamakta olan Türk boylarının kültüründe ocağın devamı, soyun sürdürülebilirliği olarak kabul edilen geline oldukça önem verildiği görülmüştür. Yeni çağdaki teknolojinin evlenme geleneğine etkisinden söz edilmiştir.

Anahtar Kelimeler: halk gelenekleri, gelin çıkarma, Türk halkları, düğün, karşılaştırma.

E. Nemetova¹, Y. Zhiyenbayev²

¹ Graduate student, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
Türkistan, Kazakhstan (elnara.nemetova@bk.ru)

² Dr., lecturer, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University Türkistan,
Kazakhstan (yerlan.zhiyenbayev@ayu.edu.kz)

**The Tradition "Kyz Uzatu" Among the Turkic Peoples of the City of
Turkestan**

Abstract

In Kazakhstan, more than a hundred nationalities live peacefully and preserve their culture, traditions and customs. In this regard, despite the differences in the traditions of the Turkic peoples of Kazakhstan, they also have similarities. This article examines the Kyz

uzatu tradition of the Kazakh, Uzbek and Mesket Turks living in the city of Turkestan. For the Turkic society, the family is the most important concept that ensures unity and solidarity, as well as the continuity of generations. In Turkic society, marriage is a condition for creating a family. For this reason, we tried to compare the tradition of bridesmaids among the Turkic peoples, which is the subject of our research. Our research, which used analytical and comparative methods, analyzed a variety of sources related to the topic. The findings have been refined in terms of differences and similarities. As a result of our research, it was noticed that in the culture of the Turkic peoples living in Turkestan, great importance is attached to the “Kyz Uzatu” tradition. Thus, the changes in wedding traditions under the influence of modern technology were demonstrated.

Keywords: folk traditions, bride wires, Turkic peoples, wedding, comparison.

Giriş

Kazakistan bağımsızlığını kazandıktan sonraki yıllarda Türkistan şehrindeki Türk kökenli milletlerin evlilik geleneklerinde değişiklikler görülmektedir. Yeni inançlar, gelenek ve âdetler eklenmeye başlanmıştır. Ailelerinin örf ve âdetlerinde, dünür gitme ve evlilik hazırlıklarında bölgeler arasında farklılıklar görülür. Eskiden göçebe hayat yaşayan atalarımızın yaylalarda çadırlar, otağlar dikerek yaptıkları, daha sonra bundan 15-20 sene öncesine kadar köylerde, evin bahçelerinde yapılan düğünler günümüzde bugünün şartlarına uygun bir şekilde düğün salonlarında yapılmaktadır. Artık insanlar için her şey kolay hale getirilmiştir. Eskisi gibi otağ dikmeye, sofraya kurmaya gerek kalmamıştır. Yer de, sofraya da, yemek de her şey hazır; yapılması gereken tek şey parasını ödemektir. Örneğin, lüks otomobillerden oluşan düğün korteji, düğün salonunun kiralanması, ünlü şarkıcıların davet edilmesi vb. masraflı faaliyetler yaygınlaşmaktadır. Düğünün organize edilmesi, hediyeleşme ve evlilikle ilgili yapılan merasimler ailenin ekonomik durumuna, bölgeye ve şehre göre değişmektedir.

Makalemizin amacı, Türkistan şehrindeki Türk halklarının Kız uzatu (Gelin çıkarma) geleneğini karşılaştırmaktır. Türkistan (Yesi) şehri Kazakistan'ın güneyindedir. Orta Asya'daki eski şehirlerden biridir. Türkistan; kültür ve medeniyetimizin temelini oluşturan, tarihe adını yazdırmış önemli bilim adamlarını mütefekkirleri, sanatçıları ve manevi mimarları doğuran bölgedir. Türkistan uzun zamandan beri Türk boylarının ana vatanı olmuştur ve günümüzde birçok Türk boyları (Kazak, Kırgız, Özbek, Türkmen, Uygur ve başkaları) burada yaşamaya devam etmektedir. Türk kültüründe aile kurmak, soyun devamını sağlamak ve toplum olmanın gereklerini yerine getirmek amacıyla evlilik mühim görülmüştür. Türkistan Belediyesi İstatistik Kurumu (2019) verilerine göre, Türkistan şehrinin nüfusu şu şekildedir:

E. Nemetova, Y. Zhiyenbayev. Türkistan Şhrinde Yaşayan Türk Halklarının

Toplam nüfus	Kazak	Özbek	Rus	Azeri	Tacik	Tatar	Ahıska Türkleri	Kore	Ukrayn	Kürt	Alman	Uygur	Fars	Çeçen	Kırgız	Yunan	Başkurt	Diğer milletler
164 746	113 739	45 996	1502	362	87	700	1803	36	10	15	3	55	14	1	82	27	10	302

Этрускилердің кімдерден бұтақтанғандығы туралы пікірталас осымен тоқтап қалмаған. Керісінше, кейіндеу келе де әртүрлі болжамдар жасалып, әртүрлі пікірлер өте көп айтылған. Сондай пікірлердің бірнешеуінде ерте дүниелік еуропалық тарихшылардың трояндықтарды түрктелі халық ретінде атамалап, түсіндірмелеріне дәлелдемелік деректер мысалдағандығы айтылады. Мысалы, Фредегердің VII ғасырдағы хроникалық жазбаларында трояндықтардың түрктелі халық екендігі аталып, Троядан күй кеткеннен соң қаланы тастап Паннонияда жерсініп отырған франктерге және ағайын-туыстықтары бар скифтерге қарай көші-қон түзгендігі баян етілген.

XII ғасыр тарихшысы Тирели Уильям трояндықтардың түрктелі халық екендігін дәлелдеген. Трояндықтарды ол туркостар деп ұлықтаған [15, 13–16-бб.].

Патша тұқымынан шыққан римдік әскербасылары өздерінің трояндықтардан екендігін мақтан тұтқан. Бір қызығы, олардың есімдері көктүрктік ру-тайпа аталымдарымен үйлесе жарасып тұр. Мысалы, Askani есімі көнетүрк руы Askan, Tibaḡi тайпасы taber, Сау/Кау, гауі – көнетүрк тайпасы аталымы, Yuli (Yol, Yoloy) – ежелгі татарлық адам есімі.

Қазіргі Италия аумағында этрускилерден мұра болып қалған ономастикалық есімдік және топонимдік аталымдар мольнан ұшырасады. Айталық, антикалық қайнарларда Италияның Сицилия аралында үш тайпа жұрты: sikan, sikel және elimдер мекендейтіндігі жазылған. Еуропалық ғалымдар оларды трояндық жұрттардан болуы мүмкін деп санайды. Ал, кейінгі жылдардағы зерттеулер олардың түп тектері түркілік жұрттардан екендігін анықтап берген. Мысалы, sikel-дердің түрктелі венгрлік тайпа жұрты екендігі анықталған. Sikel-дерде арғы ата-бабаларының руникалық жазбалық ескерткіштері осы уақыттарға дейін сақталған. Ал elim тайпасы түрктелі Алшын (alçin) бірлестігі құрамында аталады.

Афиндік патша Еусу есімі қазақтардың дүниеге жаңадан келген сәбилерге беретін Еге есімімен бірдей болып үйлесім тауып тұр. Көнетүрк тілінде Еге есімі «ие», «қожа», «князь», «билеуші», «қамқоршы» ұғым-түсініктерін білдірген. Ал Элладаның жоғары дәрежелі ақсүйектері жиі ұлықтаған Іпах есімі ежелгі түрктен жұрттарда ел басшысынан кейінгі екінші тұлғаға, аймақ билеушілеріне берілген. Демек, Апеннин жарты аралын мекендеген жұрттар грек-рим билігі орныққанға дейін Орталық Азиядан осы аймаққа көшіп-қонған түрктен жұрттар болған, – деген академик Н.Я.Марр пікірінің методологиялық мәні бар [16, 66–170-бб.].

Этрускилердің түрктенлігі лингвистикалық зерттеу нәтижелерімен дәлелдене түседі. Бұл саладағы зерттеулердің ішінде түрк лингвисті Адилия Айданың еңбегі зор құрметпен аталады. Осыдан болар, татар ғалымы, академик Мирфатых Закиевтің «Түрктен халықтардың шынайы тарихы» атты лингвистикалық тұрғыда негізделген қомақты зерттеуінде А.Айданың лингвистикалық тұғырнамалары өте жоғары бағаланған [17, 162–166-бб.].

А. Айданың тұғырнамалық қорытындысы бойынша, этрускилік алфавитті дайын күйінде ежелгі түрктен халықтар Орталық Азиядан өздерімен бірге ала келген. Уақыт өте келе бұл алфавит әлемге белгілі латын алфавитіне айналған.

Сондай-ақ, А. Айда этрускилік және түрктен ұғым-түсініктердің пайда болуының түбі бір екендігін екі тілден 40 шақты сөзді бөліп алып, салыстыра талдайды. Олардың 15-і діни ұғым-түсініктер. Бұл ұғым-түсініктер латын тілінде қолданыста болған. Өйткені ежелгі римдіктер діни жоралғыларды этруски тілінде орындаған. Қалған 25-і ежелгі этрускилер мен түрктен күнделікті өмірде қолданған ұғым-түсініктері.

Дәлелдемеге А. Айданың түрк тілінде жариялаған «Etrusker» (Tursakalar) Türk idiler: “ilmi deliller” («Этруски» (Турсактар) түрк болған: ғылыми дәлелдер») атты зерттеуінен бірнеше мәлімет мысалдалық.

1. темплум – Жаратушыға табыну: -ум латын аффиксі, темпл – түрк тіліндегі тап, табыну (құлдық ұру) ұғым-түсінігі.

2. атриум (атр-иум): -иум латын аффиксі: атр<ата+йер (ата жер, атажұрт, демек атриум – этрускилер елі, ата жұрты.

3. атта – ұлы ата: бұл ұғым-түсінік қазіргі итальяндықтарға этрускилерден қалған.

4. апа, әке: көне түрк сөзі аба-ның қазіргі түрктенді аталымы.

5. (о)клан (оклан), түрк сөзі оғлан (ұл).

6. қап – контейнер, қорап, қапшық – түрктік ұғым-түсінік, зат сақталған ыдыс.

7. расено – этрускилердің өз аталымы «арыс» деген түрк сөзінен туындаған этнонимдік аталым, зор, күшті деген ұғым түсініктерді білдіреді [18, 164–165-бб.].

Жоғарыда есімдері аталғандармен қатар бүгінгі батыстық ғалымдар «еуроцентристік» ұстанымдарды сырып тастап, адамзат өркениеті дамуында барлық халықтардың үлесі барлығын насихаттауға ден қоюда. Қазіргі қоғамдық өмірдегі плюрализм мен ашық пікірталастығы көпшіліктің ақыл-ойын адам баласының өсіп-өнуі мен гүлденіп өркендеуі жөніндегі танымдық жаңа білімдермен байыта түсуде. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда аты-жөні әлемге танымал филолог, лингвист, көне тілдер тарихының білгірі итальяндық ғалым Марио Алинеидің этрускилердің түрктектілігін дәлелдеген еңбегінің әлемдік деңгейде қуатталуы көңіл тасытады.

Марио Алинеидің «Gill etruschi erano turchi (Dalla scoperta delle affinita genetiche alle conterme induistichee culturall)» (Этрускилер түрктекті болған...) атты еңбегі 2013 жылы Римде жарық көрген. Кітап жарияланысымен-ақ еуропалық тарихшылар, филологтар және лингвистер арасында қызу, бірақ ашық пікірталасын туғызды. Себебі, автор өз еңбегінде соңғы жылдары жүргізілген генетикалық зерттеулердің нәтижелеріне сүйеніп, генетикалық тұрғыда этрускилер мен анатoliaлық түркітердің шығу тектерінің бір екендігін дәлелдеген. Анатолиялық түркітер арқылы этрускилердің Түркістан, Иран, Кавказ халықтарымен туыстасатындығын анықтаған. Одан әрі Марио Алинеи этрускилерде түркітермен тілдік ортақтықпен қатар, мәдениет саласында да түркітік із барлығын нұсқаған. Сөз саптаулары мен сөз құрылыстарындағы фонетикалық, морфологиялық және лексикалық ұқсастықтарды талдап, жан-жақты ашып берген. Қаншық қасқыр аңызының түркітік жұрттардан бастау алатындығын, мәдениет, сәулет, архитектура, сурет өнері, қолөнері, әшекейлік бұйымдар жасау өнері, алфавиттік нұсқа, спорт саласы (еркін күрес), музыка, би өнері, жерлеу жоралғылары, киім өрнектері, т.с.с. ұқсастықтары біріздендірілген. Сонымен қатар Марио Алинеи «еуроцентристік көзқарас» аясынан шыға алмай, түркітекті жұрттардың әлемдік өркениет дамуына қосқан үлестерін терістеуші қайсы бір батыс және орыс зерттеушілерін қатты сынға алған. Түркітекті Орталықазиялық жұрттардың Еуропаға қоныстана бастаулары ж.с.д. ондаған мыңжылдықтар бұрын орын ала

бастағандығын нақты артефактілік қайнарларды мәліметтей отырып дәлелдеп бере білген.

Римдік және империялық көзсіз өркендеулерге этрускилер орнықтырған мемлекеттік басқару тетіктері, құрылыстың, сәулет өнерінің, архитектураның, жазу-сызудың (латын алфавиті) тәртіп ережелері мен заң үстемдігінің қалыптатылуы ықпал еткен.

Жалпылай айтқанда, заманымыздың ұлы лингвистерінің бірі Марио Алинеидің аталмыш және мәдениет, тіл, тарих, лингвистика, культурология, антропология, палеотілдер, алтай тілдері, түрк тілдері, т.б. еңбектері Еуропаның ондаған мемлекеттерінде, АҚШ-та, Канадада, Австралияда, Азиялық бірнеше мемлекеттерде жарық көрген. Еңбектерінің шынайы ғылымилығы жоғары бағаланған.

Ғалым Марио Алинеидің жоғарыда қысқаша мазмұндалған еңбегімен қатар азербайжандық филолог Фирудин Агасиоғлудың еуропалық халықтардың бірнешеуінің тілдеріне аударылып басылған «Этрускилер мен түркілердің байланыстылығы» («Etrusk – türk bağı», Ваки, 2010) атты еңбегі соңғы жылдары түркология саласында жарық көрген, әрі халықаралық деңгейде жоғары бағаланған жарияланымдар ретінде аталады [19].

Ж.с.д. 753 жылы этрускилердің королі Ромулустің немересі ел астанасы Тарквиниядан біршама қашықтықта жаңа қаланың іргетасын қалатады. Жаңа қалаға Рома (Рим) деген атау беріледі. Қаланы ж.с.д. VI ғасырда кельттер жаулап алады. Міне осы кельт атты халықтың арғы бабалары «баулықталған керамика» мәдениетін түзуші үндіеуропалықтардың батыс бұтағының бірі ретінде аталады.

Міне, осы протокаельттердің шығу тегін іздестірулер еуропалық ғалымдарды күтпеген жаңалықтарға қол жеткіздірген. Көп уақыттарға дейін үндіеуропалықтар делініп келген хеттердің шығу тегі Орталықазиялық жұрттардан екендігін анықтап берген. Олар сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ Орталық Азиядан көшіп келіп, Кіші Азияны жерсінген көрінеді. Кіші Азияда олар Египетпен иық тірестірген өте мықты әрі барынша гүлденген мемлекет орнықтырған. Оған Хет патшаларының фараондар Аменхотеп III және оның ұлы Эхнатон биліктері тұсында Египетпен әскери, сауда-саттық және дипломатиялық байланыста болғандығын растайтын құжаттардың Египет архивтерінен табылуын куәлік етіпті. Ал археологиялық қазбалар барысында табылған шумер-аккад-хет сөздігі 15 мыңнан астам қыш таңбаларда жазылыпты. Хет патшаларының жарлықтары, сауда-саттық есептері, мәдени, саяси, тарихи және әдеби мәтіндер

О. Нұсқабаев. Жіп таңбалы көзелерді Еуропаға кімдер алып барған?

археологтарды тіптен таң қалдырған. Мұның бәрі Хет мемлекетінің өз заманында өте озық әрі гүлденген ел болғандығын білдіреді. Ең қызығы, осы хеттердің шығу тегін іздестірулер, еуропалық тарихшыларға, олардың қазіргі қазақ халқын құрылымдап отырған ұлыстардың бірі – кетелермен түбі бір жұрт екендігін анықтауға септесіпті.

Жоғарыда шығу тектері анықталып, көші-қондық үдерістері сараланғандардан кейін де Таяу Шығыс пен Еуропаға жер ауған Орталықазиялық түрк-моңғол текті жұрттар көп болған. Олардың кейінгі келгендері алдыңғылардың мәдениеті аясына жұтылып кетіп отырған. Берірек келе олардың барлығы да үндіеуропалықтар делінетін ілкіарилік жұрттармен аралас-құралас өмір сүріп, күллі Еуропаға жайлы қоныстанып алған.

Осындай ауыс-түйісті өмір иірімдері көнешұңқырлықтардың өлгендерді жерлеу жораларына өзгерістер енгізеді. Өлген ер адамдардың жанына тас балта қойып қабірлеу үрдісі, міне, осы кезеңдерде аяқтанған секілді. Ал кейбір біркелкі молалардан тас балта ғана емес, арба бөлшектері, дөңгелектер де қазып алынған.

Сондықтан «соғыс балтасы» мәдениетін кейде мәйіттерді тізесін сәл бүге сол қырынан жатқыза, үстіне жоса құйып ақымдап жерлеу жоралғысы түрінде сипаттау да археология ғылымында терістеле бермейді. Өлгендерді бұлай жерлеу жоралғысы археологияда катакомбалық (қабір шұңқырын ұңғалап қазу) жерлеу үрдісі деп аталымдалады. Бұл мәдениеттің орнығуына көнешұңқырлықтар да, соғыс балтасы (тас балта) және баулықталған керамика (жіп таңбалы көзе) мәдениеті де, басқа мәдениеттер де ат салысқан болу мүмкіндігі қуатталады. Өйткені катакомбалықтар қабірлерін көнешұңқырлықтарға ұқсатып қазған. Үстіне биік етіп обалар үйген. Қыш көзелерінің табаны баулықталған керамика мәдениетінің сияқты жалпақ, бүйірлері шығыңқы, ауыздар кең болған. Малшылықты, егіншілікті, аңшылықты, балық аулауға құмарлықты қатар ұстанған. Мыс пен қола өндірген [7, 101–103-бб.].

Германияның Эсперштедте аймағынан 5 адамның мүрдесі қазып алынған. Олардың біреуі басқаларынан бөлектеу жерде тас қабірге салынып қабірленген. Қалған төртеуі оның моласынан 700 метрдей қашықтықта жерленіпті. Мүрделерді сараптау барысында, олардың R(xR1b), R1a1, R1a, R1a1a1 гаплотопты жұрттардан екендігі анықталған.

Осыған қарап археологтар бұл адамдарды шығыс жақтан көшіп келіп, осы маңға тұрақтаған далалық халықтардың өкілдері болар деп топшылаған. Өйткені олардың әйелдерінің шығу тектері j1c5, v2c1a1 және v4b1a1a1 гаплогруппты жұрттардан болған. Ал, далалық жұрттардың сенімі бойынша, әйелді басқа қауымдардан алу келер ұрпақтың дені-бастары сау, күш қайраттары тасыған тұлғалы азамат болып өсіп-өнуіне ықпал етеді [1, 4-б.].

Осыдан болар, «соғыс балтасы» мәдениетін тудырушылар, жоғарыда нақтыланғандай, Орталық Азиядан Теріскей Еуропаға бірнеше рет жер ауған далалықтардың қатарында келген Маң тайпасының өкілдері болуы мүмкін дегендей ой жиі еске алынады. Маң тайпасы, әлемдік тарихнамада, табиғи-тарихи тұрғыда Байкал көлі маңында ұйысқан алғашқы түрк-моңғол текті этникалық құрылымдардың бірі ретінде бағамдалады. Бұл тайпа өкілдерінің бірқатары бұдан 22–23 мың жыл бұрындары R1b гаплогруппты жұрттар қатарында жан-жаққа үдерген. Үдере көшкен олар алғашында Хорасмия өлкесінің етегін ала Каспий теңізін бойлай Арал теңізі маңында, Ембі және Жайық, Еділ өзендерінің төменгі ағыстары алаптарында өмір сүрген.

Маңдар әу бастан-ақ ұрыс-керіске, басқаларға күш көрсетіп әкірендеуге бейім сотқар қауым түрінде бой көрсеткен. Осы мінездеріне қарап, былайғы халық оларды кекете көтермелеп, «ерман», яғни «сотқар, төбелескіш, ұрыс-керіске бейім қатыгез» халық деп атамалап кеткен. Осындай билеп-төстеуге үйір мінездеріне орай олар өзге түздік тайпаларды біріктіріп, одақ құрған. Одақтағы бар билікті өз қолдарына шоғырландырған. Темірдей қатты тәртіп орнатып, одақты «Іш ғұз» бірлестігі атандырған. Уақыт өте келе олар өсіп-өніп көбейген. Жауынгерлік қабілеттерін ұштап, соғыс өнеріне шыңдала түскен. Парсыларды қан қақсатып жиі шауып, олардан ары жатқан Таяу Шығыстық бай елдерге жауынгершілік жорықтар жасаған. Сөйтіп өздерін өзге жұрттарға әбден танымал еткен. Парсылар оларды сақ деп атаған. Ішғұздарды ежелгі гректер өз тілдеріне жақындатып, «скуз» атандырған. Қазіргі орыстардың скиф деп жүргендері гректердің «скузының» Еуропа халықтарының дыбыстауындағы «іш ғұз» аталымы.

Маңдардың одақта темірдей қатты тәртіп орната білулеріне, әскерлерінің жауынгерлік қабілеттерінің жоғарылығына, өздерінің батыл да қайсар, айтқанынан қайтпайтын қырсық мінездеріне қарап, былайғы жұрт оларды нағыз патшалар деп құрметтеген, ұлықтаған.

О. Нұсқабаев. Жіп таңбалы көзелерді Еуропаға кімдер алып барған?

Бұл ұғымды ежелгі қытайлар өз тілдерінде «сай уань» – сақ патшалары, еуропалықтар – «царские – скифы» деп атап кеткен.

«Іш ғұздардың біршама жұрты Таяу Шығысқа қарай жылжыған. Ж.с.д. мыңжылдықтарда олар «Қос өзен» (Месопотамия) аралығындағы бай елдерді жаулап алып, «Мидия» (Маннай) мемлекетін орнықтырған. Бұл мемлекет Таяу Шығыс өңірінде жаңа өркениеттердің қалыптасуына жоғары деңгейде сауда-саттықтың, жазу-сызудың, есеп пен мәдениеттің, қолөнер мен зергерліктің, алыс-беріс айырбастың, рухани құндылықтар мен діни наным-сенімдердің туып, дамуына ықпал еткен» [20, 10–11-бб.].

Міне, осы маң жұртының біршамасы батысқа қарай жылжыған. Солардың қатарында, – дейді қазақ тарихшысы Қ.Салғараұлы, – маңдардың «тунгр» (тұңғар) тайпасы жұрты да болған. Олар көше-көше келіп Рейн өзенінен әрі өткен. Сөйткен тунгрлер сол өңірді мекендеп отырған галлдарды өздеріне бағындырған. Тунгрлер галлдарға өздерін «ермандармыз» деп таныстырған. Өйткені өсіп-өнген өңірлерінде былайғы халық оларды «Ерман» деп ұлықтаған. Этнонимдік бұл аталымның алғашқы жартысындағы «ер» (эр, ир) ұғымы байырғы түркітердің «батыр», «нағыз» деген түсініктерін білдіретін. Ал екінші жартылығындағы «маңы» этнонимдік аталымдары болатын. Сонда «ерман» этнонимі «батыр ман», «нағыз ман» ұғым-түсінігін білдіріп шыға келетін. Неміс тілінде «ман» ұғымы «нағыз адам» ұғымын білдіреді. Осы «ерман» этнонимі келе-келе тілдік өзгерістерге қарай «german» делініп аталымдалып кеткен.

Ежелгі заман тарихшыларының германдықтарды өжет, аяушылығы аз, қатыгез жауынгер жұрт ретінде сипаттаулары да пікірімізді тұздықтай түседі.

Римдік тарихшы Тациттің пікірінше (58–117 ж.): «Напротив, слово Германия – новое, а недавно вошедшее в обиход, ибо те, кто первыми переправились через Рейн и прогнали галлов, ныне известные над именем тунгров, тогда прозывались германцами. Таким образом, наименование племени постепенно возобладало и распространилось на весь народ; вначале все из страха обозначали его по имени победителей, а затем, после того, как это название укоренилось, он и сам стал называть себя германцами» [21]. Демек, германдықтардың түп тегі маңдардан бастау алатындығы дау тудыра алмайтын ақиқатты шындық [22, 80–102-бб.].

Жоғарыда аталған «Соғыс балтасы мәдениеті» атты мақалада «баулықталған керамика» мәдениетін түзуші үндіеуропалықтардың

шығыс бұтағын «протобалтославяндар» құрайды, делінген. Сөйлемдегі балттар туралы айтылым құлаққа қонымды. Өйткені балттар әлемдік тарихнамада, ежелгі халықтардың бірі ретінде аталады. Балттар түпкі шығу тегіміз скандинавиялықтармен бір деп есептейді. Скандинавиялықтар да, орыс тілді тарихи әдебиеттерде фин-угор делініп аталып жүрген халықтар тобы да өздерін хундардан бұтақтандырады [5]. Ал «славян текті жұрттар» делінгендер тарихи әдебиеттерде тым беріде, қазіргі жыл санауымыздың ортасына таман пайда болған халықтар деп жазылып та, айтылып та жүр.

Сонда, жоғарыда мәлімделгендей, ж.с.д. 3200–2300 немесе ж.с.д. 2300–1800 жылдар аралығында өмір сүрген үндіеуропалықтардың шығыстық бұтағы делінгендердің арасында славяндар қайдан жүр?

Оның себебі біреу-ақ. Өйткені қазіргі жыл санауымыздың ортасына таман пайда болған делінетін славяндардың тарихы тым қысқа әрі жұтаң, түпкі шығу тектері де бұлыңғыр. Сондықтан, славяндар делінетіндерді еуразиялық кеңістікте ерте дәуірлерден бері қарай өмір сүріп келе жатқан абориген халықтармен туыстатып тарихиландыру қайсыбір орыс тілді тарихшылар үшін әдетті жағдай. Қалыпты құбылыс. Империялық үстем ұлттық саясат соған мәжбүрлеп қойған.

Орталықазиялық R1b гаплотопты жұрттар жоғары палеолиттің соңғы және мезолиттің бастапқы кезеңдерінде-ақ тастардан құралдар жасап алып, оларды күнделікті тұрмыста және өзара ұрыс-керісте пайдалана білуді меңгеріп алған болатын.

Бертін келе шақпақ тастардан (микролиттер) пышақ, найза, жүзі өткір шот және біршама салмағы бар тастардың ортасын тесіп, оған ағаштан сап орнатып алып гүрзі етіп пайдалана бастаған. Арада тағы да бірнеше мыңжылдықтар өткенде көшпелі жұрттар дәстүрлі жауынгерлік соғыс құралдарын жасап, оларды пайдалануды толық меңгеріп алған. Орталықазиялық көшпелі халықтар жауынгерлік қару түрлерін бір аталымға жинақтап «Бесқару» деп атаған. Олар мыналар: 1. Ату қаруы (садақ, оқ); 2. Түйреу қаруы (найза, сүнгі); 3. Кесу қаруы (қылыш, семсер, сапы); 4. Соғу қаруы (шокпар, гүрзі); 5. Шабу қаруы (балта, айбалта, шақан). Қарулардың бұл бес түрі көшпелі қоғамда біздің қазіргі жыл санауымыздың XIX ғасырына дейін қолданыста болып келді.

Міне, осы бес қарудың бірі – балта пайда болу дәуірлеріне және пайдалану түрлеріне қарай дәстүрлі қоғамдарда әртүрлі аталған.

О. Нұсқабаев. Жіп таңбалы көзелерді Еуропаға кімдер алып барған?

Мысалы, тас дәуіріндегі тас балталар күнделікті тұрмыста да, аңшылықта да (соғыс балтасы деп жүргендері осы балта) және де жөн-жоралғылық ғұрыптарда да кеңінен пайдаланылған. Аңшылық құралының ең мықтысы ретінде өлген ер кісілердің «жанына» тас балта қойылып көмілетін. Мыс пен қалайы қосындысынан соғылған қола балталарды орталықазиялық түрк-моңғол текті жұрттар мыс дәуірінде-ақ пайдалана бастаған. Сол замандардағы сенімдерге сәйкес балталардың ғұрыптық нұсқалары да жасалған. Олардың жүзіне, шүйдесіне, сабына әртүрлі өрнектер, жануарлар мен аң бейнелері түсірілген.

Темір дәуірінде тұрмыстық және жауынгерлік балталардың түр-түрі күйыла бастаған. Тұрмыстық балталар қатарында шой балта, шот балта, балға балта, қуыс балта, темір сапты, ағаш сапты балта, т.б. күйылған. Жауынгерлік балталар болаттан күйылған. Олар мыналар: айбалта, шақан, шойын балта, тарақ балта, ала балта, жалмалы қарыс балта, қысқа сапты балта (40–45 см), орташа сапты балта (75–90 см), ұзын сапты балта (180 см), келтек балта, т.с.с.

Соғыс балтасының ең жетілдірілген түрі – айбалта – соғыс қаруы. Айбалтаны көшпелі халықтар өте ерте заманнан қолдана бастаған. Көшпелі халықтар бұл қару түрін XIX ғасырдың соңына дейін қолданып келді. Айбалтаның басы металдан соғылады. Пішіні әртүрлі болып келеді. Балта басының-жалманының жарты ай сияқты дөңгелене соғылуы, Айбалта атауына негіз болған. Осыған қарай Айбалтаның шабуға арналған жағы – жалманы өткір қыры – жүзі, жалманға қарсы жағы – шүйдесі, сап кигізілетін ойығы – ұңғысы, сап пен ұңғының түйіскен тұсы – сағағы деп аталады. Көшпелі халықтардың айбалталары екі басты немесе балта басының шүйдесі ұзынша келген балға пішінде, әйтпесе істік түрінде болып келген. Шүйдесі балға түрінде, бірақ қысқа жасалған. Айбалта басына күмістен ою-өрнек салынады. Ерте замандарда, жоғарыда айтылғандай, балта басына салынған ою-өрнек магиялық рөл атқарған. Айбалтаның сабы ағаштан жасалып, кейде терімен қапталады. Металл жапсырмалармен әшекейленеді. Кейбір балта саптары түгелімен не терімен, не күміспен қапталады. Қолға ұстау үшін саптың төменгі жағына қайыстан бүлдіргі таққан.

Бүгінгі таңда Қазақстанның, Моңғолияның, Тываның, Оңтүстік Сібір мен Байкал өңірлерінің, Якутияның, Орталық Азияның, Шығыс Түркістанның, Түркияның, Кавказдық түрктөкті халықтардың тарихи мұражайларында көшпелі халықтардың дәстүрлі қару-жарақтары

қатарында соғыс балтасының түр-түрлері көрсетілімге қойылған. Өйткені көшпелі халықтар пайдаланған қару-жарақ түрлері өз замандарында қазіргі әскерилер қолданатын ең озық қару түрлерінен жоғары бағаланбағанымен, еш кем бағаланбаған. Өйткені, орталықазиялық көшпелі халықтар соғыста жеңіл әрі ыңғайлы, ықшам, шұғыл, қауырт қимылға икемді қару-жарақтарды пайдаланған әр әскери қосын соғысу тактикасына сәйкес келетін соғысу қаруларымен жабдықталған.

Мысалы, айбалтамен соғысу әдісін жетік меңгерген жауынгерлерден айбалташылар қосындары жасақталған. Айбалташылар қоян-қолтық ұрыс кезінде шайқасқа араласқан. Көшпелі халықтардың бейнелеу өнерінде айбалтамен қаруланған, осы қарумен соғысып жатқан жауынгерлердің бейнеленуі жиі ұшырасады.

Соғыс балтасымен қаруланған ежелгі адамдардың тау-тастарға салынған суреттері Орталық Азияның барлық өңірлерінде кездеседі. Айталық, 1994–2004 жылдар аралығында Моңғол–Ресей–Америка археологтары бірлесіп жүргізген зерттеулер аясында тас, мезолит, неолит және қола дәуірлерінде өмірленген ежелгі адамдардың тыныс-тіршіліктері зерделенген. Соның ішінде зерттеушілерді Алтай-Саян, Байкал көлі және Солтүстік Моңғолия өңірлерінде мекендеген ежелгі адамдардың әскери құрамаларының жауынгерлері киген сауыттарының, асынған садақ, қылыштарының, белдеріндегі белдіктерге қыстырылған соғыс балталары мен шокпар, гүрзілерінің, қолдарына ұстаған найза, сүңгілерінің кескінделуі аса қызықтырған. Зерттеу нәтижелерінің қорытындысында көшпелі халықтар жауынгерлері қаруланған қару-жарақ түрлері классификацияланып, олардың әрқайсысы соғыстың қай түрінде қолданылатындығына сипаттама берілген. Қола дәуірі жауынгерлерінің көбіне көп соғыс балталарымен қатар шақанды пайдаланғандығын анықтаған. Американдық зерттеушілерді петроглифтер мен тау-тастарға салынған суреттердегі ат жеңілген арба үстіндегі жауынгерлердің садақ атып немесе балта сілтеп жатқан сәттері, бастарына киген кең жиікті шляпалары таң қалдырған [23].

Ц. Турбат, П.Х. Жискара басқарған «Eurasial» атты моңғол-француз бірлескен экспедиция мүшелері Моңғолияның Баян-Өлгий аймағындағы Пазырық мәдениеті қорғандарынан 2004–2007 жылдар аралығында қоладан соғылған қанжар, балта, шот, қазан-ошақ және жіп таңбалы көзелер, ыдыс-аяқтар қазып алған [24].

О. Нұсқабаев. Жіп таңбалы көзелерді Еуропаға кімдер алып барған?

Орталық Азия өңірлерінен табылған керамикалық бұйымдардың өте ерте дәуірлердегілері саз балшықтан жасалған дөрекі ыдыстар болған. Одан кейінгілері қолдан жасалған, бірақ біршама мәнерленген. Зат беттеріне ою-өрнек салынған ыдыстар болған. Ал кейінгі, яғни ж.с.д. 7–5 мыңжылдықтарда жасалғандары бабымен өртелген, сәнділігі керім керамикалық бұйымдар болған. Бұл орталықазиялық түздік жұрттардың қауымдық өмір сүру тәсілін артқа тастап, біртіндеп өндіруші шаруашылыққа көше бастағандығын білдіреді. Бұл тұста керамикалық бұйымдар отбасылық жасаудан жоғары жана қолөнеркәсіптік өндіріске көтерілген. Жіп таңбалы көзелер (орыс ғалымдарының «баулықталған керамика» мәдениеті деп жүргендері) айырбас саудаға шығарылған. Әсіресе, торсықтарға сұраныс жоғары болған. Торсық – бұл қазіргі батыс әскерлері қару-жарақтарымен бірге жандарынан тастамай су құйып алып жүретін құты. Торсық екі жағы томпақ, су ішер ауызы тар ыдыс. Түздік жұрттар бұл ыдысты алыс жолға шыққанда ат қанжығасына байлап, тастамай өздерімен бірге алып жүрген. Шөлдегенде оның ішіне құйылған суды, не айранды, не қымызды ішіп сусындарын қандырған. Кейіндеу келе далалықтар торсықты теріден жасаған. Оған су немесе ақ құйған. Демек, торсық сияқты жіп таңбалы көзелерді де, соғыс балталарын да үй-ішілік тұтыну заттарын да, қару-жарақ түрлерін де орталықазиялық көшпелі малшы қауымдар Таяу Шығысқа, Еуропаға қарап көшкенде өздерімен бірге ала барған. Ал «жіп таңбалы көзенің» шығыстық көрінісі деп есептелетін Орта Днепр және Фатъянов-Баланов мәдениеттері туралы да жоғарыда сараланғандарды қайталауға тура келеді. Өйткені бұл өңірлерде Орталық Азиядан батысқа қарай жылжыған R1b гаплотопты жұрттардың бірер толқындары мекендеп қалған. Еуразиялық кеңістіктің барлық өңірлерінен табылып, аршылған көнешұңқыр, шегенделген және тақта тас, бұлардан кейіндеу катокмбалық мәдениет ошақтарын R1b гаплотопты жұрттардың ұрпақтары түлеткен.

Жалпы орталықазиялық R1b гаплотобынан 200-ден астам әртүрлі халық бұтақтанған. Солардың бірқатары «үндіеуропалық тілді халықтар» деп аталады.

Бірақ қайсыбір еуроцентристік көзқарасты ғалымдар бұл ұғым-түсінікті танымдық тұрғыда мазмұндаудан гөрі, мағынасын саяси астарлап, еуропалықтарды басқалардан артық жұрт етіп көрсетуге ықылас танытып тұрады.

Мұның да өзіндік себептері бар. Сондықтан бұл ұғым-түсініктің

пайда болу тарихына қысқаша болса да шолу жасай өтуді жөн көріп отырмыз.

А.Гитлер билікті иеленісімен немістердің рухын, саяси және еңбек белсенділігін көтеру үшін біршама идеологиялық шараларды жүзеге асырды. Сондай шаралардың бірегейі ретінде немістердің арий текті таза қанды норд тұлғалы халық екендігін дәлелдеуге күш салды.

Арий текті немістердің пайда болған өңірлерін іздестіріп Тибетке, Үндістанға, Иранға экспедициялар аттандырды. Іздестіру нәтижесінде, шынында да арий текті тайпалардың өте ерте дәуірлерді өмір сүргендігі анықталды. Бірақ олардың нақты қай аймақта және кімдерден пайда болғандығы бүгінгі күндерге дейін бегісіз болып келді. Осыған қарамастан «арий» текті тайпаның болғандығы туралы біржақты, көбіне-көп ойдан «құрастырылған» ұғым-түсінікті теориялар Еуропаны кезіп кетті. Том-том түсіндірмелер жазылды.

Сталин көзі тірісінде орыс ғылымына «бұл түсіндірмелерді үндігермандық тілділер» дегіздіртіп, ендіртіп кетті. Түрк-моңғол текті «Маң» халқынан бұтақтанған сақтарды «үнді-иран» текті халық дегіздіртіп, жаздыртып кетті. Орыс ғалымы осы «жалған сталиндік түсіндірмелерден әлі күнге арыла алмай, жазбаларының ғылымилығын жоғалтып алып жүр. Басқашалап айтқанда, батыс ғалымы тарапынан күлкіге қалып жүр. Сталин о дүниелік болып кеткеннен соң «фашистерде іштей кегі бар» орыс тілді яхудей текті ғалымдар «үндігермандық тілділер» дегенді өзгертіп, «үндіеуропалық тілді жұрттар» дегіздіртіп жазбалатып алды.

Мұның да өзіндік себептері болды. Оны ДНК – генеалогия зерттеу тәсілін негіздеушілердің бірі американдық ғалым М.Клесов өзінің 2020 жылдың 19 июнь күні «VonTube»-де төмендегіше түсіндіреді.

Соғыс алдында литван текті археолог Мария Гимбутас ханым Каспий теңізінің шығысы мен Еділ өзенінің төменгі ағысы маңында археологиялық қазбалар жүргізеді... Бірақ фашистерге ілескен бұл ханым алдымен Германияға, әрі АҚШ-қа жер ауады. АҚШ-та жүріп ХХ ғасырдың 50-ші жылдары Ресейде жүргізген археологиялық қазбаларының нәтижелерін жариялайды.

Орыс тілді археологтар «көнешұңқыр» мәдениеті де атап жүрген мәдениет ошақтарын «Қорған мәдениеті» деген терминмен алмастырып алып, «үндігермандық жұрттар» ең алғашында Каспий теңізі мен Еділ өзенінің төменгі ағысында өмір сүрді. Олар осы өңірлерден Еуропаға қарай кеткен деп елді дүрліктіреді.

О. Нұсқабаев. Жіп таңбалы көзелерді Еуропаға кімдер алып барған?

Ал, бұған қарсылық білдірген орыс тілді тарихшылар Каспий теңізі маңында үндіран тілді (Сталиннің анықтамасы) сақтар өмірленген. Міне, осылар күллі еуропалық халықтардың пайда болуының қайнарында тұрған деп даурықты... Осылайша, тарих ғылымында «үндіеуропалық тілді жұрттар» ұғым-түсінігі қалыптастырыла бастады.

Шынында да, М.Гимбутас ханым археологиялық қазбалар жүргізген өңірлерде түп тегі орталықазиялық R1b гаплотопты жұрттардан бұтақтанған түрк-моңғол текті «Маң» жұртының өмірленгені рас, дау тудырмайтын факт. Мандардың германдықтардың ел болып көбеюіне, гүлденіп өркендеуіне тигізген еңбектері зор. Оның шет жағасын жоғарыда қысқаша болса да саралай өттік. Алдағы талдауларды «Маң» жұртының пайда болуы, олар құрған қоғамдық құрылымдардың адамзат өркениеті дамуында өзіндік орны мен рөлі барлығын арнайы талдайтын боламыз.

Ал, қазіргі, яғни бүгінгі таңда, - дейді ойын одан әрі қарай сабақтаған А.Класов, - Каспий теңізі маңында сонау есте жоқ ескі замандарда өмірленген тайпалық жұрттарды 1. М. Гимбутас ханымның «үндіеуропалық», 2. Сталиннің «үндіирандық» халықтар деп атамалауының бір жақтылығы білініп қалды.

Жоғарыда анықталғандай, орталықазиялық R1b гаплотопты жұрттан 200-ден астам әртүрлі халықтар бұтақтанған. Олардың бірі - R1bJ1b тобы. Міне, осы гаплотоп және R1bC2a гаплотопты жұрттар Каспий теңізін айналып, Кавказды басып өтіп, Анадолы арқылы Балқан түбегіне барған. Онда өсіп, өніп көбейе түскен олардың бірқатары Таяу Шығысқа, біршамасы Еуропаға, қалғандары кері көшіп Каспий теңізінің теріскейін ала бұрынғы ата-баба жұртына қоныстанған. Міне, осылардың жергілікті халықпен араласуынан бұдан 5 000 – 4 700 жылдай бұрын R1a гаплотобы бұтантанған. Ал, орталықазиялық R1b гаплотобының бұдан 25 000 жыл бұрын Алтай таулары мен оңтүстік Сібір өңірінде аяқтанғандығы ғылыми тұрғыда дәлелденген ақиқатты шындық [25]. Демек «үндіеуропалықтар» деп аталымдалып жүргендердің 50%-дан астамының бойында орталықазиялық жұрттардың қаны барлығын терістеудің өзі қисынсыз.

Әдебиеттер

1. Кузьмин А.Г. Из предыстории народов Европы // http://www.zlev.ru/59_45.htm
2. Класов А.А., Тюняев А.А. Происхождение человека (по данным археологии, антропологии и ДНК-генеалогия). –М.: Белья альвы, 2020. –1024 с.

3. Клесов А.А. Основная загадка во взаимоотношениях индоевропейской и тюркской языковых семей и попытка ее решения с помощью ДНК-генеалогии // Вестник Российской академии ДНК-генеалогии, 2010. Т. 3, №1, С.3–58.
4. Клесов А.А. Миграционный путь гаплогруппы R1b1b2 в Европу и рассеяние в Европе (критический обзор) // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. 2010, Т. 3, № 10, С. 1652–1675.
5. Дроздов Ю.А. Тюркоязычный период европейской истории. –М.: Ярославль: ООО ИПК «Литер», 2011. –600 с.
6. Шука Г. Были латыши тюрками? Феномен обнаружения тюркского субстрата Прибалтики. – Даугавпилс: «Daugavpils drukeraī», 2010. –122 с.
7. Бейсенбайұлы Ж. Орталық Азиядағы арғытүрк сипатты мәдениеттер: этнотектік аспектілер. –Астана, «Ғылым» баспасы, 2015. –468 б.
8. Алпысбаев Қ.А. Тас дәуірі. Қазақстан тарихы. Т.1. –А.: Ғылым, 1980. –496 б.
9. Мелларт Дж. Древние цивилизации Ближнего Востока. М., 1982. –327 с.
10. Mallory (1989:185). “The Kurgan solution is attractive and has been accepted by many archaeologists and linguists, in part or total. It is the solution one encounters in the Encyclopedia Britannica and the Grand Distionnaire Encyclopedique Larousse”.
11. Гримбутас М. Цивилизация Великой Богини: Мир Древней Европы. –М.: Российская политическая энциклопедия. 2006. –572 с.
12. Сүлейменов О. Язык письма. Взгляд в доисторию о происхождении письменности и *языка* малого человечества. –Алматы, Рим, 1998. –501 с.
13. Блок Р. Этруски. Предсказатели будущего. –М., 2004, –188 с.
14. Немировский А.И. Этруски. От мифа к истории. –М.: 1983. –С. 317.
15. Afyoncu E. Truvanin İntikami. –İstanbul. 2011.
16. Мамедова С.И. О происхождении этрусков // Вестник КазНУ. Серия филологическая. № 32. 2016. С. 66–170.
17. Закиев М.З. Глубокие этнические корни тюркских народов. –Астана: Кантана Пресс, 2011. –400 с.
18. Adile A. Etrüskler (Tursakalar). Türk idiler. –Ankara, 1992. –392 с.
19. Алинеи М. «Этруски были тюрками (Со времени открытия подтверждений языкового и культурного родства) (“Gli etruschi erano turchi (Dalla scoperta delle affinita genetiche alle conferme linguistiche e culturali)”, опубликованная им в 2013 году в Риме // Подготовил Н.Куанышев. Алтын Орда.
20. Ельницкий Л.А. Скифия евразийских степей. Новосибирск, 1977. –134 с.
21. Тацит. Сочинения. –М., 1993. –354 с.
22. Салғараұлы Қ. Күн тегі мен Айдың бауырлары//Түркология. № 3, 2015. 80–102-б.
23. Цэвээндорж Д., Кубарев В.Д., Якобсон Э. Арал толгойн хадны зураг (Петроглифы Арал толгой. Монголия) УБ.: Изд-во ИА АНМ, 2005. –204 с.
24. Эрлэнэбаатар Д. Монгол нутгийн дурвулжин булш хиригсуурийн соел (Культуры херексуров и плиточных могил Монголии) УБ.: Изд-во ИА АНМ, УБ ун-та. –275 с.
25. Клесов А. Новый взгляд на происхождение европейцев...//YouTube. День Тв. 19 июнь 2020 г.

References

1. Kuzmin A.G. İz predystorii narodov Evropy // http://www.zlev.ru/59_45.htm
2. Klesov A.A., Тняев А.А. Proishojdenie cheloveka (po dannym arheologii, antropologii i DNK-genealogiya). –М.: Велъ алвы, 2020. –1024 s.
3. Klesov A.A. Osnovnaya zagadka vo vzaimootnoşeniyah indoevropskoi i trkskoi yazykovyh semei i popytka ee reşeniya s pomo DNK-genealogii // Vestnik Rossiiskoi akademii DNK-genealogii, 2010.Т. 3, №1, S.3–58.
4. Klesov A.A. Migracionnyi put gaplogruppy R1b1b2 v Evropu i rasseianie v Europe (kriticheskii obzor)// Vestnik Rossiiskoi Akademii DNK-genealogii. 2010, Т. 3, № 10, S. 1652–1675.
5. Drozdov .A. Trkoyazychnyi period evropskoi istorii. –М., Ярославl: ООО ІПК «Liter», 2011. –600 s.
6. Şuka G. Byli latusi trkami? Fenomen obnarujeniya trkskogo substrata Pribaltiki. – Daugavpil: «Daugavpils drukera», 2010. –122 s.
7. Beisenbaiuly J. Ortalyq Aziyadağy arğytürk sipatty mädeniетter: etnotektik aspektiler. – Astana, «Ğylym» baspasy, 2015. –468 b.
8. Alpysbaev Q.A. Tas дәuiri. Qazaqstan tarihy. Т.1. –А.: Ѓylym, 1980. –496 b.
9. Mellart Dj. Drevnie sivilizatsii Blijnego Vostoka. М., 1982. –327 s.
10. Mallory (1989:185). “The Kurgan solution is attractive and has been accepted by many archaeologists and linguists, in part or total. It is the solution one encounters in the Encyclopedia Britannica and the Grand Dictionnaire Encyclopedique Larousse”.
11. Grimbutas M. Sivilizatsiya Velikoi Bogini: Mir Drevnei Evropy. –М.: Rossiiskaya politicheskaya ensiklopediya. 2006. –572 s.
12. Süleimenov O. Язык pisma. Vzglyad v doistorii o proishojdenii pismennosti i yazyka malogo chelovechestva. –Almaty, Rim, 1998. –501 s.
13. Blok R. Etruski. Predskazateli buduego. –М., 2004, –188 s.
14. Nemirovskii A.İ. Etruski. Ot mifa k istorii. –М.: 1983. –S. 317.
15. Afyoncu E. Truvanin İntikamı. –İstanbul. 2011.
16. Mamedova S.İ. O proishojdenii etruskov // Vestnik KazNU. Seriya filologicheskaya. № 32. 2016. S. 66–170.
17. Zakiev M.Z. Glubokie etnicheskie korni trkskih narodov. –Astana: Kantana Press, 2011. –400 s.
18. Adile A. Etruskler (Tursakalar). Türk idiler. –Ankara, 1992. –392 c.
19. Alinei M. «Etruski byli trkami (So vremeni otkrytiya podtverjdenii yazykovogo i kulturnogo rodstva) (“Gli etruschi erano turchi (Dalla scoperta delle affinita genetiche alle conferme linguistiche e culturali)”, opublikovannaya im v 2013 godu v Rime // Podgotovil N.Kuanyşev. Altyn Orda.
20. Elniskii L.A. Skifiya evraziiskih stepei. Novosibirsk, 1977. –134 s.
21. Tasit. Sochineniya. –М., 1993. -354 s.
22. Salğarauly Q. Kün tegi men Aidyn bauyrlary // Türkologiya. № 3, 2015. 80–102-bb.
23. Seveendorj D., Kubarev V.D., Яkobson E. Aral tolgoin hadny zurag (Petroglify Aral tolgoi. Mongoliya) UB.: İzd-vo İA ANM, 2005. –204 s.
24. Erlenebaatar D. Mongol nutgiin durvuljin bulş hirigsuuriin soel (Kultury hereksurov i plitochnyh mogil Mongolii) UB.: İzd-vo İA ANM, UB un-ta. –275 s.
25. Klesov A. Novyi vzglyad na proishojdenie evropeisev...//YouTube. Den Tv. 19 in 2020 g.

Özet

Orta ve Doğu Avrupa bölgelerinde yürütülen arkeolojik kazılarda bakır ve tunç devirlerine ait tek mezarlarda, yanlarına eski dünyanın hayatına dair eşyalar ile silahlar - bağcıklı keramik” ve “taş baltalar”- koyulmuş insan kalıntıları bulunmuştur.

Batı ve Rus tarihçileri bu medeniyet ocaklarını “ipli keramik medeniyeti” ya da “savaş baltası medeniyeti” şeklinde adlandırmışlardır. MÖ 3200-2300 ya da 2300-1800 arasında Avrupa’da birden ortaya çıkan bu kültür ocağını canlandıranlar “temiz Hint-Avrupalılardır” şeklinde açıklanmıştır. Gerçekten de böyle midir? Bunu açıkça ortaya koyabilmek için makalede bu kültürleri kimlerin kendileriyle birlikte Avrupa’ya getirip örnek olarak sundukları, ancak son yıllarda dikkat çekmeye başlayan yeni antropolojik, arkeolojik, lügüistik ve DNA-genetik delillerle ortaya koyulmaktadır.

Anahtar Kelimeler: ipli keramik, savaş baltası, tek mezarlar, etnik yapı, yayılma genişliği, kültür türleri, arkeolojik kazılar.

(O. Nuskabayev. İp İşaretli Kaseleri Avrupa’ya Kimler Götürdü?)

Аннотация

В археологических раскопках, проведенных на территории Центральной и Восточной Европы, были обнаружены останки людей из одиночных могил, отнесенных к медным и бронзовым эпохам, с предметами и инструментами раннего житейского быта –шнуровая керамика и «каменные топоры».

Западные и российские историки называют эти центры культуры «культурой шнуровой керамики» или «культурой боевых топоров». И те, кто возродили этот культурный центр, внезапно появившийся в Европе между 3200–2300 гг. до н.э. или 2300–1800 гг. до н.э., являются «чистыми индийскими европейцами». Так ли это на самом деле? Для выяснения очевидности в статье обосновывается тот факт, что те, кто привез эти культуры с собой в Европу, являются новыми антропологическими, археологическими, лингвистическими и ДНК-генеалогическими свидетельствами, которые только в последние годы стали внедряться в научный оборот.

Ключевые слова: шнуровая керамика, боевой топор, одинокие могилы, этническое образование, ареал распространения, виды культуры, археологические раскопки.

(O.Нускабаев. Кто привез в Европу кувшины со знаковой резьбой?)

Y. Özkaya

Dr. Öğretim Üyesi, Ege Üniversitesi, Türk Dili ve Edebiyatı Bölümü, İzmir, Türkiye
(yilmazozkaya@gmail.com) ORCID:0000-0001-9165-4664

Rusya Türklerinde Modern Eğitimin Mimarı: İsmail Gaspralı

Özet

Türkler, İslâmiyet’le ilk tanıştıklarında kendilerini asrın ihtiyaçlarına cevap verecek bir eğitim sisteminin içerisinde bulmuşlardı. Örgün eğitim bir taraftan devam ederken dinî alanda yetişkin eğitimi olarak da nitelendirilen yaygın eğitimin de devam ettiğini tarihi süreç içerisinde görmekteyiz. Asr-ı Saadet Dönemi ve sonrasında devam eden süreçte Birünî, Farabî, Ali Kuşçu gibi âlimlerin ve filozoflar yaşadıkları dönem için çağdaş eğitimin birer örneği olarak görülmektedir. Fakat zamanla siyasi kargaşalar, Orta Asya’daki otorite boşluğu ve diğer sebepler bu eğitimi sekteye uğratmıştır. 16. asırda başlayan ve hızlı bir şekilde yayılan Rus işgali de Müslüman-Türk topluluklarının içe kapanmasına neden olmuştur.

Çarlık dönemi Rusya’ında Rusya Türkleri arasında modern eğitimin 19. yy.ın ortalarında başladığı bilinmektedir. Özellikle bulunduğu konum itibarıyla Osmanlı Devleti ve Avrupa’ya yakın olan ve buradaki gelişmelerden haberdar olan Azerbaycan’da modern eğitim sisteminin başladığını görmekteyiz. Seyyid Azim Şirvânî ve Mirza Şefî’ gibi aydınlar usul-i cedit tarzında eğitimi mekteplerde uygulamışlar, ders kitapları yazmışlar ama bu eğitim sistemini sistematik olarak yaygın bir hâle getirememişlerdir. Batılı anlamda yeni bir eğitim anlayışını öngören usul-i cedit eğitimi sistemini ilk defa sistematik bir biçimde ortaya koyan Kırımli gazeteci, yazar, düşünür, pedagog İsmail Gaspralı’dır. Gaspralı sadece usul-i cedit eğitimin yaygınlaşması için çaba sarf etmez. Aynı zamanda yetişkin eğitimi ya da halk eğitimi diye adlandırdığımız yaygın eğitimin de mimarıdır. Özellikle edebî eserlerinde bunu açıkça görmekteyiz. Burada yaygın eğitim olarak kastedilen eğitim, halkın uyanması ve modernleşmesi için toplumun yeniden inşa edilmesinde uygulanan metotlardır.

Anahtar Kelimeler: İsmail Gaspralı, örgün eğitim, yaygın eğitim, Tercüman gazetesi.

Y. Özkaya

Dr. Lecturer, Ege University, Turkish Language and Literature Department, Izmir, Turkey
(yilmazozkaya@gmail.com)

**Ismail Gasprali: The Architect of the Modern Education System
Among the Russian Turkic People**

Abstract

After accepting Islam, Turks found themselves in an education system that would meet the needs of the current era. For this time period, one might observe that while formal education was proceeding, religious or common-public education was also present among the society. During the Golden Age (time of the Prophet Muhammed) and after, the times when philosophers such as Biruni, Farabi and Ali Kuşçu lived, has been seen as the well-established patterns of modern education system. But in time, political turmoil,

authority gap and other reasons interrupted this education system. In addition, the sixteenth century Russian invasion caused the Turkic tribes to be isolated.

It is well-known that the modern education began for the Russian Turkic people in Tsarist Russia in the nineteenth century. It is observed that the modern education began in Azerbaijan, with its geostrategic place, closeness to Ottoman Empire and Europe. Intellectuals such as Seyyid Azim Şirvani and Mirza Şefi' applied the *usul-i cedit* type education and wrote course books but they could not manage to make this system as a conventional education. A Crimean pedagogue, intellectual, writer, and journalist İsmail Gaspıralı was the first figure who envisioned a systematical Westernized kind of educational pattern namely *usul-i cedit*. He not only made an effort to disseminate the *usul-i cedit* education system, but he was also the architect of the common public or adult education system. These efforts are all reflected in his literary works. The common public or religious education is the methods of restoration of the people aiming to modernize or awaken the society.

Keywords: İsmail Gaspıralı, formal education, common-public education, Tercuman Newspaper.

Giriş

Aydınlanma döneminin olgularını içeren, geleneksel-kadim eğitim metodlarının karşısına çıkan, bilim ve teknolojiyi kullanarak çağın ihtiyaçlarını karşılayan, özgürlüğü kısıtlayan dogmatik din olgularını modernize etmeye çalışan eğitim anlayışına modern eğitim denir. Bu tanımdan da yola çıkarak Rusya Türkleri arasında modernleşme faaliyetlerinin ilk olarak dinî alanda başlamış olduğunu söylemek yanlış olmaz. Otuz İmenli Abdürrahim, Abdunnasir Kursevi ve Şehabettin Mercanî gibi aydınların İslâm dininin dogmatik düşüncelerine karşı çıkarak daha akılcı bir anlayışı savunmaları toplumsal dönüşümün ve yenileşme hareketlerinin bir başlangıcı olarak sayılmaktadır.

Rusya Türkleri arasında modern eğitim faaliyetleri her ne kadar Gaspıralı'dan önce Azerbaycan'da Seyit Azim Şirvani'nin açmış olduğu Batılı tarzda ilk mektepte başlamış olsa da bunu sistematik bir hâle getirip yaygınlaştıran şüphesiz İsmail Gaspıralı olmuştur. Fakat burada İsmail Bey'in eğitime bakış açısını açıklamak gerekmektedir. "Rusya Müslümanlarının eğitimi Gaspıralı için bir amaç değil, ancak bir vasıta"dır. Onun amacı veya ideali, modern bir Türk-İslâm dünyası oluşturmaktır. Eğitim bu ideale ulaşmak için atılması gereken ilk adım veya bir temeldir" [1, s.11]. Fakat bunu yaparken eskiyi tamamen yıkmaya gibi bir düşünce içerisine girmemiştir. "Gaspıralı'da yıkmak değil yapmak esastır" [2, s. 158]. Eğitim gibi millî bir meselede "nazariye kurmaktan ziyade davasını canlandıracak temellerin esaslarını hatırlatmayı tercih etmiştir" [2, s. 157]. Eski kurumları tamamen yok saymayıp onları modernize etme çabası içine girmiştir. İsmail Gaspıralı'nın eğitim anlayışı çerçevesinde bugüne kadar

yapılan çalışmalarda genel itibariyle onun “usul-i cedit” mektepleri ve burada uyguladığı “usul-i savtî” metodu üzerinde durulmuş; köhne, eski zihniyetin bir ürünü olan “usul-i kadim” medreselerin karşısında fennî ilimlerin okutulduğu, ana dilde eğitimin yapıldığı, yabancı dilin öğretildiği, sosyal bilimlerden beslenen Batılı tarzda eğitim müesseseleri araştırılmıştır. Fakat İsmail Bey’in eğitim anlayışı bağlamında gözden kaçan bir başka hususa dikkat çekmek gerekiyor. Onun Müslüman-Türk toplumunun inşasında hangi problemleri ortadan kaldırmayı amaçladığı ve bunun için örgün ve yaygın eğitimi nasıl kullandığını tespit ederken kadın meselesi, Doğu-Batı çatışması, Doğu’nun eksik yönleri ve zaafı, Batı’nın bilimsel metotları ve teorik bilgisi ile bunun yanında Batı’nın da eksik yönleri, eğitim problemleri, cedit ve kadim tartışması, ticaretin toplum hayatındaki yeri vs. gibi konuları tahlil etmek gerekmektedir. Bu bağlamda İsmail Bey’in faaliyetleri arasında sadece örgün eğitimi odak noktası yapmadığını, yeni bir toplum inşasında onun yaygın eğitim metotlarını da kullandığını görmekteyiz.

Okuma yazma bilmeyen toplumların eğitiminde -ki burada yaygın eğitim kastedilmektedir- geleneksel veya modern tiyatronun önemli bir yer teşkil ettiği aşikardır. Osmanlı coğrafyası da dahil olmak üzere Türk dünyasının ilk tiyatro yazarı olan Mirza Fethali Ahundzade 19. yy.ın ikinci yarısında tamamlamış olduğu “Temsilât” adlı eserinde bu konuya dikkat çekmektedir. Onun komedileri bir güldürü unsuru olmakla beraber toplumu düşündürmeye de sevk etmesi bakımından önemlidir. Ahundzade Hacı Gara, Mösyö Jordan, Hırs-ı Guldurbasan, Molla Halil Kimyager gibi komedilerinde mizahı kullanarak halkı önce düşünmeye sevk eder, sonrasında da izleyicilere toplumun aksak yönlerini gösterir. Biz yaygın eğitimi özellikle Gaspıralı’nın edebî eserlerinde görmekteyiz. Her ne kadar sahne eseri olmasa da Frengistan Mektupları, Darürrahat Müslümanları, Kadınlar Ülkesi gibi eserler, iyi bir gözlem yeteneğine sahip olan Gaspıralı’nın toplumun problemlerine ışık tutmasına yardımcı olan roman ve hikayeleri olarak karşımıza çıkmaktadır. Peki nedir Gaspıralı’nın örgün ve yaygın eğitimde öngördükleri ve bunun kazanımları? Bunları maddeler halinde sıralayıp açıklamanın faydalı olacağı düşüncesindeyiz.

Örgün Eğitim (Yani Usul-i Cedit Mektepler)	Yaygın Eğitim (Yani Fikrî ve Edebî Eserler, gazete ve dergiler)
Batılı tarzda mektep Öğrenci Ders kitapları Dini ilimler Yabancı dil öğretimi Fennî ve sosyal bilimler Edebiyat, şiir, sanat, mimari, resim Mahallî dilde eğitim Ortak edebî yazı dili Ana dil eğitimi İyi bireyler yetiştirme Yeni nesil muallimler Muallimlere yardımcı ders kitapları	Sosyal problemler Kadın problemi Cehaletle mücadele Okuma yazma öğretimi Kötü yöneticilerin eleştirisi Görgü kurallarının öğretimi Bilim ve teknolojinin faydaları Farklı coğrafyalarda farklı kültürleri tanıma Dünya bilgisini aktarma Günlük hayata dair bilgiler verme Sanata, edebiyata ve tiyatroya yeni bir bakış açısı Devlete karşı sorumluluk noktasında iyi bir vatandaş olma bilgisi Kitap, gazete ve dergileri sosyal hayatın içerisine sokma Kültür seviyesinin yükseltilmesi Kimlik bilinci, tarih bilinci Ortak edebiyat, ortak edebî yazı dili oluşturma düşüncesi

Örgün Eğitim

Rusya Türklerinde usul-i cedit eğitime geçmeden önceki eğitim sistemi hakkında bilgi vermek gerekir. Medresede eğitim alan öğrencilerin yazma faaliyeti olmadan sadece ezbere dayanan Arapça eğitim almaları, ana dilde eğitimden yoksun olmaları eğitimin kısır bir döngüden ileriye gitmediğini göstermekteydi. Eski usul eğitimde “ders kitabı olarak başta imanın şartlarından bahseden Bedesam adlı eser bulunmakta sonra Risale-i Azize, Sebâtü'l Acizin ve Heftyek gelmekte idi. Neticede okumak, usul gereği ezberlemek demek oluyordu” [3, s. 61] Usul-i kadim eğitim sisteminin içerisinde başta mollalar olmak üzere şeyhler ve sahte dervişler bulunmaktaydı ve usul-i cedit mektepler açılmaya başladığında İslam'ın elden gideceği konusunda propaganda yapılıyordu. Tabii işin başka bir boyutuna da değinmek gerekir. Bu kişiler tarikat mensubuydu ve medreselerde ders alan öğrenciler hocalarının tarikatına mesup oldukları için onun izni olmadan mezun bile olamıyorlardı [4, s. 36].

Her ne kadar bu talebeler Ruslaştırma ve Hristiyanlaştırma politikalarına karşı halkı koruyor ve İslâmî gelenekleri devam ettiriyor olsalar da bilim ve teknolojiye uzak bulduklarından, çağın bilgisini yakalayamadıklarından kendileri de dahil olmak üzere cehaletin önünü

alamıyorlardı. Aslında tam tersine Rusların Türk-Müslüman dünyasında yapmak istediklerine (İlminski'nin faaliyetleri) alet olmaktan öteye geçemiyorlardı.

Түркі жазба ескерткіштерінен және қазіргі түркі тілдерінен алынған бұл мысалдарда /д/ > /з/, /д/ > /й/, /т/ > /д/, /д/ > /й/ > /р/, /к/ > /ғ/, /к/ > /х/, /қ/ > /ø/, /а/ > /ы/, /а/ > /у/, /а/ > /о/ дыбыс құбылыстары орын алған. А.Н. Самойлович, Р. Рамстед, Т. Текин, М. Рясянен секілді кейбір ғалымдар бұл сөздің осындай дыбыстық ерекшеліктерін негізге ала отырып жоғарыда атап өткеніміздей түркі тілдерін әртүрлі топтарға бөледі [2, 197-б.; 18, 30-34-б.]. Бірақ *айақ* сөзінің түркі тілдеріндегі дыбыстық ерекшеліктеріне байланысты ең алғаш М.Қашқари сөздігінде айтылғаны белгілі. М.Қашқари бұл сөз жайында ерекше атап өтіп мынадай пікір білдіреді: Йағма, тохсы, қыпшақ, йабақұ, татар, қай, чомұл және оғыздар бір-біріне ұқсас болып, ð (э) дыбысын әрдайым ъ (й) дыбысына өзгертеді және ешқашан ð (э) дыбысын айта алмайды. Қайың ағашын бұлардан басқалары *қазың*, ал бұлар *қайың* дейді. Түркілердің «туыс, қайынжұрт» мағынасында қолданатын *қазын* сөзін бұлар *қайын* дейді. Сол секілді чигилдер мен басқа түркілерде ð (з) болып айтылатын бұл дыбыс орыс және Рум елдеріне дейін созылып жатқан бұлғар, сувар, йемек, қыпшақ тайпаларының бәрі ь (з) түрінде айтады. Басқа түркілер (чигилдер мен нағыз түркілер) аяқты *азқ*, ал бұлар (қыпшақтардың бір бөлігі, йемеклер, суварлар, бұлғарлар, орыс және рум территориясында мекендейтін тайпалар) *азақ*, қалған қыпшақтар, йабақұлар, татарлар, қайлар, чүмұлдар, оғыздар *айақ* түрінде қолданады [5, 32-б.]. Монғол тілінде де *адағ* болып қолданылатын бұл сөздің этимологиясы жайында әртүрлі пікір бар. Солардың ішінде кең таралғаны *ат-* (**ад-*) етістігінен туындаған деген көзқарас [19, 26-б.].

Бұл сөз түркі тілдерінде көпмағыналы сөз ретінде танылып, «адам мен жануарлардың жүріп-тұруына арналған мүшесі», «бір

нәрсенің жерден көтеріп тұратын тірегі, сүйеуіші», «ағын сулардың төменгі жағы», «бір нәрсенің немесе белгілі бір уақыттың біткен тұсы» мағыналарынан басқа түркімен тілінде «пай, үлес» [21, 94-б.], түрік тілінде «баспалдақ», «пұт, өлшем бірлік», «бір адым», «халық өлеңдеріндегі ұйқас», «майлы күресте бес дәреженің бірі» [13, 151–152-б.] секілді мағыналарды білдіріп, түрлі салада қолданылады.

«Диуани хикметте» бұл сөз орта ғасырлық ескерткіштер тіліндегідей әрі *айақ* (2 рет), әрі *айағ* (3 рет) түрінде кездесіп, мағыналық жақтан анатомиялық атау ретінде қолданылады, сондай-ақ «соңы, аяғы» мағыналарын бере отырып *баиш* «бас», *илиг* «қол» сөздерімен тіркеседі. Мысалы:

altmış eki yaşda allāh pertev saldı/ başdın *ayağ* ğafletlerim ħa boldı (18a/6).

şermende-min dermānda köptur günāh/ mēn yaşursam ilig *ayağ* barça güvāh (26b/5).

bağır (باغیر): бауыр

Руникалық жазба ескерткіштер тілінде *бағыр* сөзі анатомиялық атау ретінде, сондай-ақ «қап, өкінішті» секілді мағыналарды білдіретін одағай сөз қызметінде жұмсалған [22, 721-б.; 23, 294-б.]. Ал көне ұйғыр мәтіндерінде бұл сөз кей жерде *бағыр*, кейбір жерде *бағар* түрінде қолданылып «бауыр», «қарын», «қойын» секілді адам ағзаларының атауларын білдіруімен қатар бір дәрі-дәрмек атауын, сонымен бірге қазіргі тіліміздегідей туыстық атауды білдіру арқылы көпмағыналы сөз ретінде жұмсалғанын көреміз [4, 31-б.]. Қарахан, Хорезм, көне Анадолы, шағатай, көне қыпшақ түркілерінің ескерткіштерінде де *бағыр* сөзі жиі-жиі кездесіп отырады [5, 59-б.; 24, 53-б.; 6, 41-б.; 8, 21-б.; 25, 405-б.].

Көне қыпшақ тіліндегі кейбір еңбектерде бұл сөздің құрамындағы /f/ дауыссызы қазіргі қыпшақ және Сібір тілдеріндегідей /y ~ v/ дауыссызына алмасқан [8, 25-б.]. Қазіргі түркі тілдерінде бұл дыбыстар одан әрі дами отырып, өзбек тілінде *бовур* ~ *бағир* [26, 190-293-б.], якут тілінде *бйар*, хакас тілінде *п̄ар*, телеуіт тілінде *п̄ур*, чуваш тілінде *р̄ев̄ер*, *р̄өв̄ер* түрінде дыбыстала бастаған [10, 103-б.]. Осы тұста қазіргі түркі тілдерінде де бұл сөз адамның (және жануарлардың) бір ғана ағзасының атауын білдірмейтінін атап өткеніміз жөн. Яғни бұл сөз тарихи ескерткіштердегідей бүгінгі түркі тілдерінде «өкпе», «қойын», «бүйір», «жүрек», «ішек-қарын» мағыналарында да қолданылады. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» берілген мәліметке

сүйенсек те бұл сөздің бірнеше мағынаға ие екеніне куә боламыз [27, 132-б.]. Сонымен бірге бұл монғол тілінде де бар сөз және мағына жағынан да, тұлғалық жағынан да түркі тіліндегіге сәйкес келеді [2, 118-б.].

«Диуани хикметте» он бір мысалда кездесетін *бағыр* сөзі адамның ең нәзік, ең сезімтал ағзасының бірі ретінде бағаланып, ақынның қайғысы мен дертін баяндауға орасан зор қызмет етіп тұр және де бұл сөз қазіргі түркі тілдеріндегідей *бағрым теши-* (9a/11), *ич бағрымны қан қыл-* (54b/10), *бағрың тиши-* (62b/11) секілді түрлі мағынадағы соматикалық фразеологизмдерді құрауға атсалысады. Бұл тіркестер хикметтердің көркемдігі мен әсерлілігін арттыруға қызмет етеді. Мысалы:

könlüm sınıuq közüm yaşıq kādīm melal/ ‘ışq ḥanceri yürek *bağım* tēšti dōstlar(9a/11).

oşal meyniñ mezesi iç *bağımni* qan kıldı/ bağır qanın aқuzup cānān sarı barsam mēn (54b/10).

ümмет bolsañ kēçe күndüz tınmay yıqla/ *bağrıñ* pişip öpkeñ şaşıp yürek dağla (62b/11).

baş (باش): бас; ұш; басшы, көшбасшы

Анатомиялық атау ретінде адам не жануардың ми, көз, құлақ, мұрын, ауыз т.б. органдары орналасқан мүшесінің атауын білдіретін бұл сөз тарихи жазба ескерткіштердің барлығында *баиш* болып қолданылады. Ал қазіргі түркі тілдері мен диалектілерінде де *баиш* болып қолданылғанымен *бāиш* (өзбек) ~ *бас* (қазақ, ноғай, қарақалпақ, якут) ~ *бāс* (якут) ~ *бāйиш* (қарағас) ~ *ваиш* (ұйғыр диалектілері) ~ *пāиш* (сағай) ~ *пaиш* (алтай, телеут, шор) ~ *пūиш* (чуваш) [28, 86-б.] секілді кейбір дыбыстық алмасулар орын алғанымен айтарлықтай өзгеріске ұшырай қоймаған *баиш* сөзі *аяқ* сөзі секілді өте көп мағынаға ие. Бұл сөз көне түркі ескерткіштерінде де «бас», «бір қауымның, рудын, топтың әскердің көшбасшысы», «төбе, шыңның ұшы», «өзен, бұлақтың басталған жері», «мезгілдің алғашқы кезі» мағыналарын береді [22, 722-б.]. Қазіргі түркі тілдерінде де кең таралған бұл мағыналарынан бөлек «мал саны», «бірдеңенің айналасы, маңы», «белгілі бір іс-амалдың ұйытқысы, себепкері» секілді ауыспалы мағыналары да бар [29, 11-б.; 13, 208-б.].

«Диуани хикметте» *баиш* сөзі өте жиі кездесіп (44 рет), «адам не жануардың ми, көз, құлақ, мұрын, ауыз т.б. органдары орналасқан

мүшесі», сондай-ақ «жан, рух», «жоғарғы бөлік», «әуелгі, алғашқы», «бірдеңенің ұшы» секілді мағыналары бар.

baş taşdıķ cān taşdıķ hem ĩmāndın/ bir ü barım dīdārıñnı körer -min mü (13a/11).

dīvāne dēp başın yarıp қаnға boyar/ şākir bolup Һamd u şenā aytur dōstlar (71b/7).

hadīceniñ Һudā bahtın ачıpdur/ resūlnı başıға dūrler saçıpdur (76a/7).

bel (بل): бел; бір заттың ортаңғы бөлігі

Көне түркі ескерткіштерінде *бел* ~ *бил* түрінде қолданылған бұл сөз қазірге дейін тұлғалық жағынан да, мағыналық жағынан да аса өзгеріске ұшырамаған деуге болады. Атап айтқанда, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде берілген «адам денесінің арқадан төмен, мықыннан жоғары жіңішке тұсын» білдіруі көне түркі тілінен бері келе жатыр десек болады. Алайда *бел* сөзінің көне түрікшедегі «тау үстіндегі өтуге болатын шұқыр өткел» мағынасы кейбір тілдерде, мысалы түрік тілінде сақталса [13, 235-б.], көптеген тілдерде керісінше, «тау, жон, қыр, жал, адыр секілді жерлерде кездесетін кең асу» мағыналарын білдіреді. Сондай-ақ «бір нәрсенің орта немесе үстіңгі бөлігі», «арқа тұтар таяныш, тірек, сүйеніш» мағыналары да кең таралған [21, 150-б.; 29, 231-б.; 26, 218-б.].

Жоғарыда атап өткеніміздей, тұлғалық жағынан өзгеріске ұшырамаған бұл сөз «Диуани хикметте» жеті рет қолданылған. Барлық мысалда *бағла-* «байлау, буу» етістігімен тіркесіп, соматикалық фразеологизм құрайды. Алайда осы аралықта мына нәрсені де айта кеткенді жөн санап отырмыз. *Бел бағла-* «бел буу, бел байлау» тұрақты тіркесінің түркі тілдерінде әртүрлі мағына беруі назар аударарлық. Мысалы, түрік (*bel bağlamak*), түркімен тілдерінде (*bil bağlamak*) «біреуге немесе бір нәрсеге сену», «біреудің өзіне көмектесетініне сену, үміттену» [21, 150-б.; 13, 235-б.], әзербайжан тілінде (*bél bağlamag*) «дәмелену, үміттену», «сену», «ғашық болу, ұнатып қалу» [30, 80-б.], өзбек (*бел боғламоқ*), қазақ (*бел байлау*) тілдерінде «бір істі орындауға шындап кірісу, ойын жүзеге асыруға батыл беку» мағыналарын білдіреді [29, 231-б.; 26, 218-б.]. «Диуани хикметте» *бел бағла-* тұрақты тіркесі қазақ және өзбек тілдеріндегідей «тоқтамға келу, нық шешімге келу» мағыналарын беріп тұрғаны анық байқалады.

Мысалы:

‘iṣḡ yolıda ‘āṣıḡ bolup mansūr ötti/ *bēlin* bağlap ḡaḡḡ ‘iṣḡnı muḡkem tuttı (3a/9).

közüm yumdum açḡunça yētti altmıṣ/ *bēlim* bağlap hıç ḡılmadım bir yaḡṣı iṣ (14b/9).

‘iṣḡ yolıda kēçe күндüz yıḡlaḡanlar/ cāndın kēçip *bēlin* muḡkem bağlaḡanlar (88a/5).

boyun (نویون): мойын

Көне сөздердің бірі саналатын бұл сөздің көне және орта ғасырлық ескерткіштер тілінде еріндік-езулік үндестігіне бағынатын *бойұн* және бағынбайтын *бойын* варианттары бар [4, 49-б.; 5, 105-б.; 7, 323-б.]. Ал қазіргі түркі тілдерінде қысаң /ү/ ~ /ы/ дауыстыларының ашық /a/ дауыстысына алмасқан *бōйан*, /б/ ұяң дауыссызының қатаңданған *пойұн* ~ *пұйын*, үндіге айналған *мойын* ~ *мойұн* ~ *мойен* ~ *моин* ~ *мүйүн* ~ *мойне* ~ *мұйын* секілді түрлері кездеседі [28, 180-б.; 19, 59-б.]. Бұл сөздің көнеден бері келе жатқан негізгі мағынасы – «дененің бас пен йық арасындағы бөлік» немесе «дененің бас пен кеудені бірлестіретін мүшесі». Сонымен қоса бұл сөздің қазіргі түркі тілдерінде түрлі ауыспалы мағыналары бар. Айталық, түрік тілінде «жауапкершілік» [13, 308-б.], түркімен тілінде «киімнің жағасы» [21, 167-б.], әзербайжан тілінде «тау өткелі», «арба жегілген ат немесе өгіз» секілді мағыналарда қолданылады [30, 107-б.].

Бойұн сөзі «Диуани хикметте» төрт рет қолданылып, бұл мысалдардың барлығында *сұн*- «ұсыну» етістігімен бірлесіп, фразеологиялық тіркес құрайды. Жалпы, бұл тіркес қазіргі түркі тілдерінің қолданысында да бар. Әрі мағына жағынан бір-бірінен айтарлықтай айырмашылығы да жоқ. Мысалы, түркімен тілінде *бойұн сын*- тіркесі «бас ию, қарамағына өту» [21, 167-б.], қазақ тілінде *мойынсұн*- ~ *мойынсын*- «бір нәрсеге көну, көндігу, бағыну», «келісу», «мойнына алу, растау, мойындау» мағыналарында қолданылады [31, 267-б.]. «Диуани хикметте» де осы мағына аңғарылады. Сонымен қоса «мойын ию», «тағзым қылу», «сыйыну» мағыналары да жоқ емес.

Мысалы:

zālim eger ḡılsa cefā allāh dēḡil/ ilḡiñ açıp du‘ā eylep *boyun* sunḡıl (15b/3).

fettebi’ū āyetiḡa *boyun* sundum ērse/ ve nehennefse anil hevā ḡoydum ērse (67a/9).

іç (چ): іш; жүрек; ниет, көңіл

Көне түркі жазба ескерткіштерінде де кездесетін бұл сөз қазірге дейін тұлғалық ерекшелігін аса өзгерте қоймаған. Қазіргі түркі тілдерінде бұл сөздің құрамындағы кейбір дыбыстардың алмасуы арқылы қалыптасқан *и:ч ~ еч ~ иш ~ іш ~ и:с ~ іс ~ иц* т.б. түрлері бар. Бұл жерде көріп отырғанымыздай, айтылу жолына қарай шұғыл /ч/ дауыссызының ызың /ш/ дауыссызына (*ич > иш ~ іш*), екінші баспалдақ ретінде /ш/ дауыссызының /с/-ға (*иш ~ іш > и:с ~ іс*), аффрикат /ч/ дауыссызының басқа бір аффрикат дауыссызы /ц/ дыбысына (*ич > иц*), созылыңқы /и/ дыбысының қысқа /і/ дауыстысына (*ич > іш*), қысаң /и/ дыбысының жартылай ашық /е/ дауыстысына алмасу құбылысы орын алған.

ич сөзінің көне түркі жазбаларында «бір нәрсенің ішкі бөлігі», «саяси орталық», сондай-ақ анатомиялық атау ретінде «іш, қарын, асқазан» мағыналарын бергенін көреміз [22, 729-б.]. Қазіргі түркі тілдерінде бұл сөздің «адамның ішкі жан-дүниесі, көңілі», «жүрек», «мазмұны», «құрамы» мағыналары да бар. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» бұл сөздің «ішек-қарын орналасқан мүше, құрсақ», «бір нәрсенің ішкі жағы, ортасы, арасы», «жаны болмысы, жүрегі», «көкей, ой, сезім», «астар, астыртын мән, тереңдегі мазмұн» мағыналарын беретінін жазады [32, 737-б.].

«Диуани хикметте» жалпы түркі тілдеріндегідей *ич* түрінде қолданылады. *ич* сөзі ескерткіш тілінде қолданылған он бір мысалда да (*ичинде, ичре* секілді туынды сөзді қоспағанда) «адамның ішкі жан-дүниесі, жүрегі» мағыналарын беретінін көреміз. Сонымен қоса ескерткіш тілінде бұл сөз *ичи күй-* «шер тұту, іш құса болу, уайымдау» (76a/10), *ич бағрымны қан қыл-* «қапалану, қайғыру» (54b/9) секілді фразалық тіркестердің құрамында қолданылады.

ḥarām şübhe terk étiben içiñ dağla/ zālimlerge yüz miñ belā bērdim mene (5b/8).

oşal meyniñ mezesi iç bağrımni қан қıldı/ bağır қанin ақузup cānān sarı barsam mēn (54b/9).

hadīce köñlide anı süyedür/ muḥammed ‘ışkıda içi küyedür (76a/10).

egin (ایگین): йық, арқа

Көне ұйғыр мәтіндерінде *егин ~ енгин* [4, 69-72-б.], орта ғасырлық ескерткіштерде *егин ~ ейин* [5, 171-б.; 6, 115-б.; 8, 79-б.], қазіргі түркі тілдерінде *егин ~ игин ~ иң ~ иін ~ ĩn ~ еңин ~ иән ~ ан* [19, 130-б.] секілді түрлері кездесетін бұл сөз «йық, жауырын, арқа»

мағыналарын береді. *eg-* етістігіне *-ин* жұрнағының жалғануы арқылы жасалған бұл сөз қазіргі түркімен, азербайжан тілдерінде қолданыстан түспеген. Ал түрік тілінде көнерген сөзге айналса [1, 119-б.], қазақ тілінде қолданылу жиілігі төмендеген деуге болады. Сонда да болса қазақ тілінде *uın* болып дыбысталатын бұл сөз тұрақты тіркестер мен біріккен сөздердің құрамында сақталумен қатар (*uın тіресу, екі uінінен демалу uін ағаш* т.б.) кейбір көркем шығармаларда кездесіп отырады [33, 401-б.].

«Диуани хикметте» *егин* «йық, арқа» сөзі бір мысалда кездеседі, ол мысалдан көріп отырғанымыздай бұл сөздің құрамындағы дыбыстар қандай да бір өзгеріске ұшырамағанына куә боламыз. Мысалы:

rihlet kılsa çürük *egni* aña kefen/ hıziıilyās hulle tonın seçer bolğay (41a/10).

elig ~ **el** (ایل~ایلیک): қол

Түркі тілдерінің ең көне мәтіндерінде *илиг* ~ *елиг* түрінде кездесетін [4, 71-б.; 22, 314-б.; 34, 339-б.] бұл сөз орта ғасырлық ескерткіштер тілінде мағыналық ерекшеліктерін сақтаған. Кейбір еңбектерде *илиг* ~ *елиг* сөзінің соңғы дыбыстары еріп *или* ~ *ели* тұлғалары қалыптаса бастағанын көреміз. Ал қазіргі түркі тілдерінде бұл сөздің *илиг* ~ *елиг* > *или* ~ *ели* тұлғалары дами келе *илик* ~ *елик* ~ *эл* ~ *ел* ~ *ил* ~ *ал* түрлері қалыптасқан [35, 169-б.; 9, 260-б.]. Бұл тұста ұяң /г/ дауыссызының қатаңдану, /г/ дауыссызының керісінше, одан әрі жұмсара түсіп еру, одан әрі сөздің екінші буынындағы /и ~ і/ дауыстыларының элизияға ұшырау, /е ~ и/ дауыстыларының ашық /ә/, сондай-ақ жуан /а/ дауыстысына алмасу құбылыстары орын алғанын көреміз.

елиг ~ *илиг* сөзі көнеден бері анатомиялық атау ретінде «қол» мағынасын білдіреді [22, 314-б.; 5, 174-б.]. Ал қазіргі түркі тілдерінде бұл сөз бірнеше мағынаға ие десек болады. Бұл жайлы Э. Севортянның «Сөздігінде» де көрсетіледі. Яғни қазіргі түркі тілдерінде бұл сөздің «қол», «қолдың сүйегі», «саусақ», «алақанның көлемі», «сап, тұтқа», «күш, қуат», «кепіл, кепілдік», «себеп, уәж, сылтау», «қатысу, қатынасу», «қызығушылық», «кезек, жүріс», «рет, мәрте», «телім, үлес», «темірдің кішкене бөлшегі» мағыналары бар көрінеді [9, 260-б.]. Демек, бұл сөз түркі тілдерінің көбісінде анатомиялық атау ретінде қолданылғанымен әртүрлі мүше атауын білдіретінін көрсетеді. Мысалы, түрік, түркімен тілдерінде бұл сөз «қолдың білектен саусақ

ұшына дейінгі ұстауға және жұмыс істеуге арналған бөлігі» мағынасын білдірсе [21, 345-б.; 13, 615-б.], ұйғыр тілінің кейбір диалектілерінде «саусақ» мағынасын береді [9, 260-б.]. Демек, қазақ тіліндегі *ели* сөзі «ұзындықты, қалыңдықты білдіретін саусақтың көлденең ені (өлшем мөлшері, өлшеу бірлігі) мағынасы да осы сөзден шыққандығын көрсетеді [36, 249-б.].

«Диуани хикметте» бұл он бір жерде *елиг*, бір мысалда *ел* түрінде қолданылады. барлық мысалда да бұл сөздер анатомиялық атау ретінде «қол» мағынасын білдіреді. Мысалы:

şermende-min dermānda köptur/ günāh mēn yaşursam *elig* ayaq barça güvāh (26a/5).

h^vāce aḥmedni āştīsin *il* urmadīñ āştīsin/ çün kılmadīñ hīç āşt ī sēn ḥaqq yādni ayğıl mudām (46a/5).

müşkildür ‘āşī bende ümmet dēmes anda muḥammed/ rüsvā bolur maḥşerde *ilig* tutmas muḥammed (86a/5).

қол (قول): қол, білек

Көне түркі тілінен бері сөз басындағы /к/ дыбысының ұяңданған (азербайжан, түркімен: *зол* ~ *зол*), дауыстысының аздап қысқанданған (татар: *қул*, қашқай: *құл*) кейбір түрлері болмаса [10, 534-б.], дыбыстық ерекшелігін сақтаған бұл сөз түркі тілдерінде анатомиялық атау ретінде «адамның иықтан саусақ ұштарына дейін созылған бөлігін» білдіреді. Сонымен бірге көпмағыналық қасиеті басым бұл сөздің «сойылған малдың алдыңғы аяғының жоғарғы бөлігі», «ағаш, бұта секілді өсімдіктердің бұтағы», «бөлім, тарау», «қолтаңба, құжатқа қойылған жеке адамның белгісі», «бөлім, филиал», «киімнің жеңі», «үйдің қабырғасы», «сөз», «бөлшек», «сап, тұтқа», «сала», «әскер», «топ, группа», «тәртіп, жүйе» т.б. көптеген мағыналары бар [37, 9-б.; 13, 1197-б.; 30, 380-б.; 21, 448-б.].

«Диуани хикметте» *қол* сөзі өте жиі кездеседі, атап айтқанда, қырық жеті рет қолданылған. Барлық мысалда да анатомиялық атау мағынасын береді. Мысалы:

eyā dōstlar pāk ‘ışqni *kolğa* aldım/ bu dūnyāni duşmān tutup yürdim mene (3a/4).

allāh dēdim lebbeyk dēp *kolum* aldı/ bir ü barım dīdārīñni körer-min mü (13b/4).

қollarıға çiy tiğlik ‘aşā alur/ başlarıға destārımı kette kıılır (33b/7).

қулақ (قولاق): құлақ

Анатомиялық атау ретінде «есту органы» саналатын бұл сөз көне

түркі жазбаларында *құлқақ* ~ *құлғақ* ~ *құлақ* секілді дыбысталуы жағынан ерекшеленетін үш варианты кездеседі [22, 314-б.; 4, 185-б.]. Бұлардан бөлек орта ғасырлық ескерткіштердің ішінде Диуани лұғат ит-түрkte *құлхақ* [5, 375-б.], Кодекс куманикусте *құлағ* тұлғасы да қолданылған [8, 162-б.]. Мұнымен қоса бұл сөздің қазіргі түркі халықтарының жазба тілі мен диалектілерінде *қылақ* ~ *құлах* ~ *құлаһ* ~ *құла'* ~ *құла:* ~ *қолақ* ~ *көлук* ~ *қълақ* ~ *ғұлақ* ~ *холах* ~ *қула:қ* ~ *құлға:қ* ~ *хәлха* секілді варианттары кездеседі [38, 123-б.].

Көпмағыналы сөздердің бірі ретінде бұл сөздің «есту», «бас киімнің құлақты жауып тұратын бөлігі», «шүріппе», «құлақбау», «соқа дінгегі», «бұлақтың көзі», «саз аспабының күйін дұрыстауға арналған бөлшегі», «желбезек», «әуеннің дұрыстығын тани білу және бағалай алу қасиеті», «тұрмыстық заттардың ұстауға арналған жері, тұтқасы», «шет, жиек» секілді бірнеше мағынасы бар [38, 123–124-б.; 39, 283-б.; 13, 1248–1249-б.; 30, 405-б.].

«Диуани хикметте» *құлақ* сөзі жеті рет қолданылады. Жеті мысалда да анатомиялық атау мағынасы бар. Алайда көбіне ескерткіш тілінде *құлақ* сөзі *ал-*, *сал-* етістіктермен тіркесіп, қазіргі қазақ тіліндегідей «зейін қойып тыңдау, айтқандарды екі етпей орындау» секілді мағыналар беретін *құлаққа ал-*, *құлақ сал-* секілді соматикалық фразеологизмдер құраған. Сонымен бірге ескерткіш тілінде бұл сөзден жасалған «зерек, сұңғұла» мағынасындағы *құлақлық* (53b/3) сөзі кездеседі. Мысалы:

yoldın ıır azǵanımnı bilmedim m n/ a s zini *ulaǵımǵa* almadım m n (28a/6).

ey  d stlar bu s zime ula salǵıl/ ‘ail  rse mutafaı er‘in tutǵıl (33b/11).

k ll  yevm biter d  di a mutafa/  mmet bolsan salǵıl *ula* ehl-i vefa (72b/11).

ma‘n sıǵa t gen alur and u ‘asel/ ın ulalı t liblerge aysam mu kin (53b/3).

k g( )s (كوكس): т с, к кірек, омырау, к шақ

К не түркі ескерткіштерінде «кеудеге киюге арналған сауыт» мағынасын беретін *к к змек* [23, 304-б.] с зінде к рінетін бұл с з к не  йғыр м тіндерінде *к г с* ~ *к г з* ~ *к к з* т рінде қолданылады ж не бұл с зден *к г зл г* ~ *к г сл г* «терең ойға батқан», *к к зл г* «сезімтал, мейірімді» с здері жасалған [40, 282-б.; 4, 114–115-б.; 41, 583-б.]. Орта ғасырлық түркі ескерткіштерінде бұл с з әрі т лғалық,

әрі мағыналық жақтан көнелігін сақтаған [11, 84-б.; 5, 356-б.; 6, 258-б.; 7, 723-б.]. Ал қазіргі түркі тілдерінде *көгис* ~ *когус* ~ *көкс* ~ *көксү* ~ *көск* ~ *коск* ~ *көксе* ~ *көкса* ~ *гөвүс* ~ *көгүспек* секілді көбіне метатеза орын алған тұлғаларымен қоса түркі тілдеріндегі /з/ ~ /р/ дыбыс сәйкестігін еске түсіретін *көкүр* > *көкүрүк* ~ *көкрек* ~ *көкірек* ~ *күкрек* ~ *кәкәр* т.б. [10, 376-б.] варианттары да бар.

Демек, соңғы мысалдардан көріп отырғанымыздай *көгүс* және *көкірек* сөздерінің тұлғалық жақтан да мағыналық жақтан да бір-біріне байланысы бар. Яғни *көгүс* ~ *көгүз* ~ *көкүз* сөзінің көне ұйғыр тіліндегі негізгі мағынасы «көкірек, төс, омырау», сондай-ақ «жүрек» мағынасын береді [4, 114-б.]. Бұл мағыналары қазіргі түркі тілдерінде де сақталған. Мысалы, түркімен тілінде де *гөвүс* түрінде қолданылатын бұл сөз түркімен тілінің сөздіктерінде «кеуде мен қарын аралығындағы бөлігі, көкірек, төс, құрсақ» [21, 478-б.], түрік тілінің сөздігінде *гө:с* сөзіне «кеуденің мойын мен қарын арасындағы және жүрек, өкпе т.б. органдар орналасқан бөлігі» [13, 771-б.], қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *көкірек* сөзіне «адамның немесе жануардың мойнынан бастап қарнына дейінгі денесінің алдыңғы бөлігі» деп береді [42, 250-б.]. Бұдан өзге «омырау тұс, кеуде», «емшек», «көкірек тұсындағы органдардың бүкілі», «орталық», сондай-ақ «көңіл-күй», «ақыл, сана-сезім», «менмендік, өзімшілдік, кеудемсоқтық» секілді ауыспалы мағыналары да бар.

«Диуани хикметте» *көг(ү)с* сөзі «кеуде, көкірек» әрі «жүрек, көңіл» мағыналарын бере отырып, алты жерде қолданылған. Барлық жерде өзінен соң тәуелдік жалғауы келгендіктен екінші буындағы дауысты элизияға ұшыраған. Мысалы:

kögsüñdeki җықан āheng 'arşқа yeter/ ol sebebdin һақа sıgnıp keldim mene (8a/4).

seherlerde çār zarb urup *kögsün* teşti/ yelip yügürüp irenlerge yetalmasmın (66a/8).

e'üzü bi'llahi mine'ş-şeytāni'r-racīm dedim/ *kögsümdeki* güm-rāhlarım açar mu kin (85b/1).

köz (كوز): көз, жанар

Түркі тілдерінің бүтін кезеңдерінде кездесіп қана қоймай, тұлғалық жақтан аса өзгеріске ұшырамаған бұл оғыз тобы тілдерінде *гөз* түрінде қолданылады. Сонымен бірге кейбір түркі халықтарының жазба тілі мен диалектілерінде бұл сөздің *коз* ~ *кө:з* ~ *гөз* ~ *күз* ~ *к'ез* ~ *күйз* ~ *қоз* ~ *қүз* ~ *күс* ~ *қус* тұлғалары кездеседі [43, 60-б.]. Байқап

отырғанымыздай, бұл сөздің бірінші дыбысы /к/ дауыссызы ұяң /г/-ға, немесе одан әрі қатандана түсіп /к/-ға, жартылай ашық еріндік /ө/ дауыстысы өзіне ұқсас, бірақ қысаң /ү/-ге, немесе жартылай ашық /о/-ға, немесе жартылай ашық езулік /е/-ге, немесе дифтонг /үй/-ге және соңғы ұяң /з/ дауыссызы қатаң /с/-ға алмасу құбылысы орын алған.

Бұл сөздің адамның не жануарлардың көру мүшесінің атауы ретіндегі негізгі мағынасы көнеден бері келе жатыр. Алайда бұл сөздің одан басқа «көзқарас, ұстаным», «қайнар, бұлақтың бастауы», «тесік, қуыс», «жиһаздың тартпасы, суырмасы», «ағаштың бұтақ шыққан жерлері», «бөлім, бөлме», «жараның аузы» «мылтықтың оқпаны», «терезенің шыны салынатын жері», «бөлік, бүтіннің бір бөлігі», «таразының табағы», «қақпа, есік», «шұқыр, ор», «түр-түс», «шет», «қадақ (өлшем бірлік)», «әсемдеп жасалған дөңгелек, ою-өрнек, шеңберлі әшекей», «нәрсенің өзі», «адам, жан», «өткеннен қалған, өткеннің тұсында болған нәрсе», «ақыл, ес, сана», «иненің жіп өткізетін тесігі», «белгілі бір нәрсенің алынатын орны, қоры», «алды, көз алды» секілді ауыспалы мағыналары бар [13, 786–787-б.; 21, 479-б.; 43, 61-б.; 42, 174-б.].

«Диуани хикметте» бұл сөз жалғыз басына қырық төрт рет, *йаш* «жас, көздің жасы» сөзімен он үш рет қолданылған. Жалғыз басына қолданылғанда *көз* сөзі тек анатомиялық атау ретінде ғана емес, «бір нәрсенің қайнар көзі», «сана, ой, ақыл» мағыналарында да қолданылғанын көреміз. Сонымен бірге ескерткіште құрамында *көз* сөзі кездесетін *көзге ілме-* «назар аудармау» (33b/1), *көзім ой-* «көп жылау» (13a/6), *көз ілме-* «ұйықтамау, көз ілмеу» (38b/5), *көз тойма-* «көз тоймау, қанағат етпеу» (6b/2) секілді фразалық тіркестер де қолданылған. Мысалы:

şabîh eylese ‘aşıqları qabûl kılmaz/ hûr u ğilmân cennet bërse közge ilmes (20b/11).

haqq tilep der-gâhıġa lâyıqqılıġay/ zâhir ü bâtın velîlerni közi bolġay (21b/11).

seherlerde yıġlap tökey qanlar közdin/ könlüm açqıl âġâh bolay yaġşı sözdin (22b/6).

өрке (اوبكه): өкпе; реніш

Тарихи ескерткіштер тілінде де бұл сөздің *өпке ~ өбке ~ өвке ~ өфке ~ өүке ~ өйке ~ өйкен* секілді варианттары кездеседі [4, 152–155-б.; 12, 154-б.; 5, 451–460-б.; 24, 52-б.; 35, 388-б.; 7, 1098-б.; 8, 209-б.]. Э. Севортянның сөздігіне сенсек қазіргі түркі тілдері мен

диалектілерінде де бұл сөздің *өпке* ~ *өпге* ~ *өбке* ~ *өфке* ~ *өвке* ~ *өфхе* ~ *үпкә* ~ *өфке* ~ *евге* ~ *епке* ~ *өкпе* ~ *өкпә* ~ *өкпө* ~ *өхбе* ~ *өхпе* ~ *өйфе* ~ *өхмә* ~ *өйке* ~ *өйкө* ~ *өйге* ~ *ө:кө* ~ *ө:ке* ~ *өкген* ~ *өвкен* ~ *өйкен* ~ *өйген* ~ *өйкүн* ~ *өфкен* ~ *өрке* секілді дыбыстық жағынан түрлі варианттары кездеседі [9, 540-б.].

Көріп отырғанымыздай, бұл жерде езулік дауыстының еріндік дауыстыға (сөз басындағы *ө* > *е*), керісінше, еріндік дауыстының езулікке (сөз соңындағы *е* > *ө*), қатаң дауыссыздардың ұяңға (*п* > *б* ~ *в* ~ *м* >> *й* > ; *к* > *г*), кейде керісінше, ұяң дыбыстардың қатаңға (*к* > *х*), бір-біріне еш ұқсамайтын дыбыстардың (*п* > *р*) алмасуы, сондай-ақ метатеза (*п* <> *к*), эпитеза (*өпке* >> *өкген* ~ *өвкен* т.б.) секілді әртүрлі дыбыстық құбылыстар орын алған. Соның ішінде өзіміз білетіндей қазақ тілінің әдеби тілінде бұл сөздің құрамындағы /п/ және /к/ дауыссыздары орын алмастырып, метатеза құбылысына ұшырағандығын көруге болады.

Өпке сөзі тарихи ескерткіштер тілінде «тыныс алу мүшелерінің бірі», «ашу, қаһарлану», «реніш, өкпе» секілді бірнеше мағынаға ие [4, 152–155-б.; 12, 154-б.; 5, 451–460-б.; 35, 388-б.; 7, 1098-б.; 44, 209-б.]. Алайда бұл сөз түрік (*өфке*), түркімен (*өйке*) тілдерінде анатомиялық атау ретінде емес, көне түркі тілінен бері келе жатқан ауыспалы мағынасын сақтап қалған. Атап айтқанда, бұл тілдерде *өпке* сөзі көңіл-күйді білдіретін сөз ретінде дерексіз мағына береді. Дегенмен түрік тіліндегі көңіл-күйге қатысты мағынасы қазіргі қазақ тіліндегіден аздап айырмашылығы бар, яғни «наз, реніш; көңіл қалушылық» мағыналарында емес [44, 110-б.], «ашу, қаһар, ыза, кек, ашыну» мағыналарында қолданылатынын, ал *өкпе* мағынасындағы анатомиялық атау ретінде парсышадағы *жигер* сөзі қолданылатынын атап өту керек [13, 1531-б.].

Ал екі рет қолданылған «Диуани хикметтің» Көкшетау нұсқасында бұл сөз негізгі мағынасында, яғни анатомиялық атау ретіндегі мағынасында жұмсалғанын көреміз. Яғни, ескерткіш тілінде *өпке* сөзі қазақ тіліндегі тыныс алу мүшелерінің бірі *өкпе* мағынасында қолданылады. Бұл тұрғыдан алғанда *өпке* сөзін хикметте қолданылған *жигер* сөзімен синоним ретінде тануға болады (32b/8, 59b/5, 67b/6). Ясауи хикметтерінде *өпке* сөзі ерекше афоризмдік қолданыстардың құрамында келіп, шығарманың эмоциональды-экспрессивті күшін арттырып тұрғанын байқаймыз. Мысалы:

tāli‘ körüp қара қоынı ем қилурлар/ *öpke* тақı ciger бағрын қақарлар а (32b/8).

ümmet bolsañ kеçe күндүз тınмай уйғла/ бағрın пішір өркеñ шаşıр үйрек дағла (63a/1).

saç (ساج): шаш

Биологиялық термин ретінде «адамның басына шығатын жіңішке қылдың» атауы саналатын бұл сөз – көне түркі тілінде де *sac*. Бұл сөз орта ғасырлық ескерткіштер тілінде көбіне дыбыстық ерекшелігін сақтайды. Тек көне қыпшақ мәтіндерінің кейбірінде сөз соңындағы шұғыл /ч/ дауыссызы ызың /ш/-ға өзгергенін көреміз [8, 221-б.]. Қазіргі түркі халықтарының жазба тілінде және диалектілерінде бұл сөздің *sac* ~ *sәc* ~ *ca:ч* ~ *чач* ~ *шаш* ~ *цац* ~ *чеш* ~ *шеш* ~ *ас* секілді тұлғалары кездеседі [45, 231-б.].

«Диуани хикметте» *sac* сөзі тек бір рет қолданылады. Яғни атап айтқанда, *sac* сөзі «әбден қартаю немесе қайғы-дерттен әбден қалжырау» мағынасын білдіретін *sac сақал көп ақар*- «шаш-сақал әбден ағару» фразеологиялық тіркесінің құрамында жұмсалады. Мысалы: *saç saқalım көр ақардı көñlüm қара/ rüz-ı маһşer раһm ёtmeseñ һālim tebāh* (10a/2).

saқal (ساقال): сақал

Биологиялық термин ретінде адамның не кейбір жануарлардың иегіне шығатын қылдың атауын білдіретін бұл сөз көне түркі жазбаларында да, орта ғасырлық ескерткіштерде де кейбір орфографиялық ерекшелігі болмаса *saқal* түрінде жазылғанын көреміз [4, 194-б.; 5, 483-б.]. Түркі халықтарының қазіргі әдеби тілдері мен диалектілерінде бұл сөздің *saққal* ~ *saғгал* ~ *сахал* ~ *сағал* ~ *саһал* ~ *ca:l* ~ *сал* ~ *сухал* ~ *секел* ~ *сегел* ~ *хақал* секілді кейбір түрлері кездеседі [45, 176-б.].

Түркі және монғол тілдеріндегі мағыналық жақтан да, тұлғалық жақтан да ұқсас сөздердің бірі саналатын *saқal* сөзінің шығу төркіні жайында Ә. Нұрмахамбетов «монғол тілінде де иек астына өсетін түкті, «сахал» сөзі ұғындырса, мұның өзі де оның ертеде «жүн» мағынасын берген «сах» түбірінен өрбігендігін анықтауға себепші. Бір қызығы қалмақ тілінде «сахл» дыбыстық құрамдағы тұлға «мұрт» мағынасында қолданылады» дейді де, бұл сөздің сақ түбіріне -ал қосымшасының жалғануы арқылы туындаған деп жорамалдайды [46, 234–237-б.].

Жалпы чуваш тілінде де бұл сөз «мысықтың мұрты» мағынасын білдіреді [45, 176-б.]. Ал «Диуани хикметте» сақал-мұрттың жалпы атауын беретінін аңғаруға болады (жоғарыда *саи* «шаш» сөзін талдаған бөлімге қараңыз). Мысалы:

saç saqalım kör aqardı könlüm qara/ rüz-ı maḥşer raḥm êtmeseñ ḥālim tebāh (10a/2).

süngök (سونگاک): сүйек

Анатомиялық атау ретінде «адамның не омыртқалы жануарлардың қаңқаларын құрайтын түрлі пішіндегі және қатты органдардың» атауын білдіретін бұл сөз көне және орта ғасырлық түркі мәтіндерінде көбіне *сүңүк* ~ *сүнгүк* ~ *сөнгүк* түрінде қолданылады [22, 316-б.; 4, 214-б.; 5, 549-б.; 6, 384-б.]. Шағатайша мәтіндерде *сүңгек* ~ *сүңек* [25, 572-б.; 47, 313-б.], ал көне қыпшақ тіліндегі мәтіндерде *сүңүк* ~ *сөңүк* ~ *сөвек* ~ *сүгүк* ~ *сүмүк* ~ *сүңек* ~ *сүвек* ~ *сүвүк* секілді әртүрлі жазылғанын көруге болады [8, 245-б.]. Қазіргі түркі тілдері мен диалектілерінде қолданылатын бұл сөздің *сүйек* ~ *сүйөк* ~ *сүөк* ~ *сү:к* ~ *сө:к* ~ *сөк* ~ *сөмәк* ~ *совак* ~ *соңақ* ~ *сүмәх* ~ *шивак* ~ *шәмә/ шәм* ~ *хүйек* [45, 384-б.] секілді түрлі варианттарына қарап, сөз дыбыстық жақтан айтарлықтай өзгерістерге ұшырағанын көреміз. Осында көріп отырғанымыздай, қазақ тілінде бұл сөздің құрамындағы /ңг/ немесе /н/ дауыссызы /й/-ге алмасқанын көреміз.

Бұл сөздің анатомиялық атауды білдірумен қатар «жыныс», «тұқым, түр», «өлген адамның денесі, мәйіті», «өне бойы, тұтас дене», «ата-тек, ру» секілді ауыспалы мағыналары бар [45, 384-б.; 31, 396-б.].

Ал «Диуани хикметте» бір рет кездесетін *сүнгек* сөзі «адамның қаңқасын құрайтын сүйек» мағынасында қолданылған. Мысалы:

köterip gürzini urğan süngökler rızeler bolğay/ sēni dūzah sarı êtip qılurla(r) ḥükm sūzānlıq (60b/9).

tl (تیل): тіл

Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде «хабар, мәлімет», «тыңшы» (қазақ, түркімен түрік тілдеріндегі «тұтқын» мағынасы осы көне мағынадан қалған болуы мүмкін) мағыналарын берген бұл сөз көне ұйғыр мәтіндерінде әрі анатомиялық атау ретінде «ауыз қуысында орналасқан дәм сезуге, дыбыстардың шығуына көмектесуге арналған адам мен жануарлардың негізгі дене мүшелерінің бірі» әрі «адамдардың көңілдегі ойларын және сезімдерін жеткізетін қатынас құралы» мағыналарын білдіргенін көреміз [22, 741-б.; 23, 310-б.; 12, 151–156-б.; 4, 239-б.].

Бұл сөз Орхон-Енисей жазбаларында *тил* ~ *тыл*, Қарахан дәуірі ескерткіштерінде *тыл* [5, 615-б.], көне қыпшақ және шағатайша жазбаларда *тил* болып жазылған [8, 275-б.; 25, 586-б.]. Сонымен бірге көне қыпшақ тілінің және көне Анадолы түрікшесінде жазылған кейбір ескерткіштерде қазіргі оғыз тілдеріндегідей *дил* түрінде қолданылған [8, 61-б.]. Қазіргі түркі тілдерінің басым көпшілігінде бұл сөздің *тил* ~ *тіл* ~ *дил* тұлғасы кең таралған. Алайда бұдан өзге *тыл* (якут) ~ *тел* (башқұрт, татар) ~ *дыл* (тува) тұлғалары да бар [10, 280-б.; 19, 112-б.]. Бұл тұста қатаң /т/ дауыссызының ұяң /д/-ға, қысаң /ы/, /і/ дауыссыздарының жартылай ашық /е/-ге алмасқанын көруге болады. Ғылыми еңбектерде берілген бұл мәліметтерге сүйенсек, қатаң /т/ дауыссызының ұяң /д/-ға алмасу құбылысы тек түрік, түркімен, әзербайжан секілді оғыз тобы тілдерінде ғана емес, тува тілінде де көрініс тапқанына куә боламыз.

ми- «деу, айту» етістігінен жасалған бұл сөз қазіргі түркі тілдерінде «сағат, компас секілді заттардың ұзын әрі үнемі қимылдап тұратын бөлшегі», «темір айылбастың жырым бекітілген тиек бөлігі», «бір істі жасаудың жолдары», «үрмелі саз аспаптарының әуен шығаруға қызмет ететін бөлшегі», «теңіздің жағасынан ортасына қарай созылып жатқан жіңішке жер», «жазу стилі, жазу ерекшелігі, өзіндік қолтаңбасы», «әуен, саз» секілді ауыспалы мағыналары да кең таралған [48, 601-б.; 13, 526-б.; 21, 282-б.].

Ясауи хикметтерінде он бес рет қолданылған бұл сөз бір мысалда барыс септігінің жуан дауыстылы формасын алады (تیلغا тылға). Сондықтан бұл сөзді жуан оқуға тура келеді. Бұл жағынан алғанда ескерткіш тілінде *тыл* сөзі көне түркі тіліндегі тұлғалық және мағыналық ерекшелігін сақтаған деуге әбден болады. Мысалы:

kirgey ылан birle қыуан sorған *tiliñni* bir zamān/ қıldım beyān bilgil
'ayāngūr u kefen fikirni қил (45a/5-6).

ente' l-hādi ente' l-haқnı zikri dīlde/ bilmes nā-dān zikrin ayturlar zāhir
tılda (25a/1).

hū zikrini tilğa alıp naғre tartсам/ қolum tutup yolға salғil ente' l-hādi
(24a/4).

уҫа (اوچا): арқа, жауырын

Анатомиялық атау ретінде «арқа», «құйрық», «сегізкөз», «жамбас» мағыналарына келетін бұл сөз көне ұйғыр жазбаларында, сол секілді орта ғасырлық ескерткіштерде, көне қыпшақ жазбаларында кездесіп отырады [35, 604-б.; 4, 260-б.; 5, 682-б.; 8, 291-б.]. Бұл сөздің

құрамындағы қатаң және шұғыл /ч/ дауыссызы қазіргі түркімен тілінде және түрік тілінің диалектілерінде ұяң және ызың /ж/ дауыссызына (ұжа), қазақ тілінде осы дауыссыздың қатаң және ызың /ш/ дауыссызына (ұша) алмасқан варианттары қалыптасқан. Түрік және түркімен тілдеріндегі мағынасы да – «омыртқаның ұшындағы көлденең сүйек» [49, 399-б.; 13, 2025-б.]. Ал қазақ тіліндегі мағынасын түсіндірме сөздікте «екі жамбастың үстіндегі қалың етті омыртқа мен сүбе қабырғалардың жиынтығы; сойылған малдың терісі, бас-сирағы, ішек-қарыны, өкпе-бауырынан басқа бөлігі» деп береді [48, 774-б.].

«Диуани хикметте» бір ғана мысалда кездесетін ұча сөзі болса, контекстен «арқа, еңсе» мағыналарын беріп тұрғандығы аңғарылады. Атап айтқанда, ұчаң сол- фразалық тіркесінде «еңсесі түсу, бойын тіктей алмау» мағынасы бар екенін байқаймыз. Мысалы:

cānıñ kıınap zaqqūm çeunep ‘āşık bolğıl/ başıñ oınar uçañ solup bolğıl (88a/1).

yürek (يورك): жүрек, көңіл

Анатомиялық атау ретінде кеуде қуысының сол жағында орналасқан қан айналу жүйесінің ең негізгі мүшесінің атауын білдіретін бұл сөз көне түркі тілінен бері қазірге дейін мағыналық жақтан да, тұлғалық жақтан да аса өзгеріске ұшырай қоймаған. Ғалымдардың айтуынша, *йүр*- «жүру, қимылдау, қозғалу» етістігінен өрбіген бұл сөз қазіргі түркі тілдерінің басым көпшілігінде көне тұлғасын сақтап қалған. Сонымен бірге кейбір тілдерде аздап дыбыстық өзгерістер орын алғанын көреміз: *йүрәк* (өзбек, ұйғыр) ~ *йөрөк* (башқұрт, татар) ~ *жүрек* (қазақ, қарақалпақ, қарашай) ~ *жүрөк* (қырғыз), *йүрөк* (алтай) ~ *чүрек* (шор, сағай) ~ *сүрәх* (якут) т.б. [19, 462-б.; 10, 1194-б.].

Бұл сөздің түркі тілдерінде «иманның тұрағы», «кісінің жан дүниесі, рухани сезімі», «саяси әкімшілік орталық», «қайнар көзі, тірегі», «ғашық, сүйген жар», «көңіл», «күш, қайрат», «ержүректік», «аяу, мейірім таныту», «жүрек пішінді нақыш» секілді ауыспалы мағыналары да бар [50, 636-б.; 21, 512-б.; 13, 2208-б.].

«Диуани хикметте» жалпы түркі тілдеріндегідей *йүрек* деп жазылған бұл сөз жеті рет кездеседі. Бұл мысалдардан байқайтынымыз *йүрек* - қайғы-дертке батырып, қуаныш пен сүйіспеншілікке бөлейтін адамның ең сезімтал мүшесі ретінде суреттеледі. Сонымен бірге *йүрек* сөзі ескерткіште көбіне *дагла*- «қайғыға салу, күйіндіру» етістігімен бірге қолданылып фразеологиялық тіркес құрайды. Мысалы:

zālim eger zulm eylese maña yığla/ yaşıñ saçıp haqқа siǵnıp yürek daǵla (5b/7).

ümmet bolsañ kèçe kündüz tınmay yığla/ baǵrıñ pişip öpkeñ şaşıp yürek daǵla (63a/1).

der-gāhıña imdi keldim himmet baǵlap/ cān küydürip yürek baǵrım tün kün daǵlap (74a/3).

yüz (يُوز): жүз, бет, ажар, көрік

Анатомиялық атау ретінде көз, мұрын, ауыз, бет, иек, жақ секілді түрлі органдары орналасқан адамның басының алдыңғы жақ бетінің атауы болып табылатын бұл сөз де көне түрік тілінен қазірге дейін қолданыстан түспеген деуге болады. Әрі кейбір ауыспалы мағыналармен толықпаса негізгі мағынасын, сондай-ақ тұлғалық ерекшелігін өзгерте қоймаған сөздердің бірі. Бұл сөз көне түркі тілінде *йүз* [22, 316-б.], көне ұйғыр тілінде *йүз* ~ *йүүз*, қазіргі түркі халықтарының жазба тілдерінде және диалектілерінде *йүз* (түрік, өзбек, түркімен) ~ *йөз* (башқұрт, татар) ~ *жүз* (қазақ) ~ *джүз* (қырғыз) ~ *чүс* (хакас, тува, қарағас) ~ *сү:с* (якут) ~ *үз* (азербайжан) ~ *из* т.б. тұлғалары қалыптасқан [10, 1197-б.].

Бұл жерде де сөз басындағы үнді /й/ дауыссызының ұяң /ж/-ға, қатаң /ч/-ға, одан да ілгерілеп қатаң /с/-ға алмасу, кейбірінде барынша әлсірей түсіп соңында еру; еріндік әрі қысаң /ү/ дауыстысының еріндік-жартылай ашық /ө/-ге, езулік-қысаң /и/-ге; сөз соңындағы ұяң /з/ дауыссызының қатаң /с/-ға алмасу құбылыстарының орын алғанын көруге болады.

Бұл сөз көпмағынаға ие сөздердің бірі ретінде анатомиялық атау мағынасынан басқа «өткір заттардың кесуге, не тесуге арналған жағы», «мата секілді заттардың оң жағы», «көрпе-жастықтың тысы», «себеп», «алды, жаны» секілді кейбір ауыспалы мағыналары да бар.

«Диуани хикметте» *йүз* сөзі он рет қолданылады, сонымен бірге бұл сөз *не йүз бирле* «батылы барып, жасаған кінәсін елеместен» (14b/6), *қара йүз* «арсыз, имансыз» (9a/8), *қара йүзлүг* «жүзі қара» (19a/1) секілді кейбір фразалық тіркестер мен эпитеттердің құрамында қызмет атқарады. Мысалы:

tā'atlikler haqқ қаşıda hoş sa'ādet/ қара yüzüm tā'at қилмай soldı dōstlar (9a/8).

ne yüz birle aña aytay қилғил āzād/ bir ü barım dīdārīñni körer-min mü (14b/6).

kir dīlide bolmasa yüz dāğ-ı derd/ ey birāder қақ anı hem-dem dēme (54a/8).

Қорытынды

Қорыта келгенде, түркі тілдерінің бай сөздік қорында әрі санының молдығы жағынан, әрі алуандығы жағынан өзіндік орны бар анатомиялық атаулардың «Диуани хикметтің» Көкшетау нұсқасындағы қолданысына мағыналық және тұлғалық жақтан лингвистикалық талдау жасауды мақсат еткен болатынбыз. Тілдік тұрғыдан талдау барысында ескерткіш тілінде кездесетін *ағыз, арқа, айақ ~ айағ, бағыр, баш, бел, бойұн, ич, егин, елиг ~ ел, қол, көг(ү)с, көз, құлақ, өпке, сач, сақал, сүнгек, тыл, ұча, йүрек, йүз* т.б. анатомиялық атаудың шығу-төркініне, көне түркі тілінен бері қарайғы қолданысына, яғни тұлғалық және мағыналық ерекшеліктерінің ортақ тұстарымен қоса кейбір тілдердегі өзіндік қолданыстарына назар аударылды. Жан-жақты талдау нәтижесінде мынадай қорытынды жасалды:

- ДХК-де кездесетін анатомиялық атаулардың барлығы түркілердің сөздік қорында өте ерте замандардан бері қолданылады. Оның көбісі тұлғалық (дыбыстық) жағынан аздап өзгергенімен көбіне мағыналық жағынан көнелігін сақтап қалған. Мысалы, көне түркі жазбаларында кездесетін *ағыз, көз, құлақ* сөздері түркі тілдерінің барлығында қолданылады, десек те, бұл сөздің қазіргі түркі тілдерінде түрлі варианттары бар және түрлі мағыналары да болуы мүмкін. Бірақ негізгі мағынасы сол көне түркі тіліндегіше.

- ДХК-де кездесетін анатомиялық атаулардың біршамасы, атап айтқанда, *сақал, бағыр, адақ, арқа* секілді сөздер түркі және монғол тілдеріне ортақ. Яғни бұл сөздер түркі және монғол тілдерінде әрі мағыналық, әрі тұлғалық жағынан аса айырмашылығы жоқ дей аламыз.

- ДХК-де кездесетін анатомиялық атаулардың кейбірі кейбір түркі тілдерінде негізгі мағынасынан айрылып, ауыспалы мағынада қолданыла бастаған. Мысалы, түрік тілінде *өпке* сөзінің «кек, ашу, өшпенділік» мағынасын беруі, *елиг ~ ел* сөзінің түрік тілінде қолдың алақан және саусақ орналасқан бөлігінің атауын білдіріп, қазақ тілінде «саусақпен өлшенетін өлшем бірлік» ретінде басқа мағына беруі сөзіміздің дәлелі.

